


Yandex Qazaqstan

Тұрақты даму саласындағы қызметке шолу



Мазмұны

Yandex Qazaqstan	4	Өмір сапасы	15	Цифрлық орта қауіпсіздігі	41
Компания туралы	5	Сервистердің ыңғайлылығы,	16	Ақпараттық қауіпсіздік	42
Тұрақты даму саласындағы қызмет бағыттары	7	сапасы және қауіпсіздігі		Контент сапасы және қауіпсіздігі	42
		Қолжетімді әрі тең орта	24		
Технологиялар мен инновациялар	11	Адамдар мен бизнес ортаны дамыту	28		
Генеративтік нейрожелілер	12	Сервистердің серіктестері	29		
Қалалық инфрақұрылымға арналған технологиялар	14	IT білім беруді дамыту	35		
Автономды технологиялар	14	Қызметкерлерге деген қамқорлық	38		

Кіріспе сөз




Yandex Qazaqstan-ның тұрақты даму саласындағы қызметіне алғашқы шолуды ұсынуға қуаныштымыз. Технологиялық компания ретінде біз өз технологияларымыз бен білімімізді қоғамға пайда-сын тигізетін әлеуметтік маңызды, сапалы әрі қауіпсіз шешімдерді әзірлеу үшін қолдануға ұмтыламыз. Біз үшін тұрақты даму мен бизнес — біртұтас нәрсе, сол себепті біз сервистер мен өнімдерді қысқа мерзімді табыс үшін емес, адамдардың өмір сүру сапасын ұзақ мерзімді перспективада жақсарту үшін жасаймыз.

Қазақстанда жұмыс істеген жылдар ішінде біз технологияларымыз әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды рөл ойнайтын өмірлік салаларда көптеген бастамаларды жүзеге асырдық. Осылайша Yandex Qazaqstan сервистері пайдаланушыларды, орындаушы-ларды, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерді және цифрлық экономиканың басқа қатысушыларын біріктіре отырып, миллиондаған адамға табыс табуға және бизнесті дамытуға мүмкіндік беріп келеді.


Yandex Qazaqstan командасы

Біздің тегін білім беру бағдарламаларымыз IT мамандарының жаңа буынын дайындауға мүмкіндік береді, ал такси және жеткізу сервистерінің инфрақұрылымы қайырымдылық ұйым-дарына қолдау көрсетеді. Сондай-ақ біз сервистерді әзірлеу және іске қосу барысында жергілікті ерекшеліктерге — мәдениетке, тілге және дәстүрге ерекше көңіл бөлеміз және біздің цифрлық өнімдерімізді пайдалануға оңай етіп қана қоймай, денсаулық ерекшеліктері мен жасына қарамастан олардың барлық адамға теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тырысамыз.

Біздің бизнес IT саласы сияқты үздіксіз түрленіп отырады, сондықтан біз үшін мүдделі тараптардың біздің жетістікте-рімізді қадағалай алғаны маңызды. Бұл құжаттан біздің бағдарламаларымыз бен бастамаларымыздың нәтижелерін таба аласыз және біздің қоғамдағы рөлімізге қатысты көзқарасымызды көбірек біле аласыз.



Бізге хат жазуыңызға болады:
sustainability@yandex-team.com



Yandex Qazaqstan

Компания туралы	5
Yandex Qazaqstan цифр түрінде	7
Тұрақты даму саласындағы қызмет бағыттары	7

Компания туралы

Yandex Qazaqstan — өмірдің әртүрлі салалары үшін цифрлық сервистерді жасайтын және жетілдіретін технологиялық компания. Біздің өнімдерді пайдалана отырып, миллиондаған қазақстандықтар көптеген күнделікті мәселелерін жылдам әрі оңай шеше алады: интернеттен Іздеу функциясы арқылы ақпарат табу, Карталармен бағдарларды жоспарлау, Таксидің көмегімен қала ішінде ыңғайлы жүру, бизнесті жарнамалық және бұлттық сервистер арқылы дамыту, Кинопоискіден фильмдер мен сериалдар көру және тағы басқасы.

Біз пайдаланушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын мұқият зерттей отырып, пайдалы және өзекті шешімдер ұсынамыз. 2009 жылы Қазақстанда www.yandex.kz порталы іске қосылған сәттен бастап, біздің өнімдерімізде қазақ тілін қолдау және дамыту біздің маңызды міндеттеріміздің біріне айналды. Бұл біздің сервистерімізді қазақ тілді пайдаланушылар үшін ыңғайлы етіп қана қоймай, бізге ұлттық тіл мен мәдениетті дамытуға үлес қосуға мүмкіндік береді.

Yandex Qazaqstan сервистер мен технологияларын қазақ тілінде қалай жасайтыны туралы толығырақ **«Сервистердің ыңғайлылығы, сапасы және қауіпсіздігі»** бөлімінде айтып бердік.

Компанияның өмірі мен жұмысы туралы көбірек біліңіз




Instagram



Telegram арнасы

Yandex Qazaqstan сервистері



Маңызды оқиғалар



2009

Қазақстан үшін www.yandex.kz порталы ашылды: Яндекстің пайдаланушыларына бағытталған барлық негізгі сервистерін ұсындық — Іздеу, Пошта, Карталар және басқалары

2016

Қазақ тіліндегі сайт және қолданба интерфейсі бар [Яндекс Такси](#) сервисі (бүгінгі таңда — Яндекс Go) іске қосылды

2017

- Қазақстанда алғашқы Яндекс кеңсесі ашылды
- Алматы мен Астанада Яндекс Лицейі (бүгінгі таңда — [Яндекс бағдарламалау мектебі](#)) ашылды

2019

- [Яндекс Еда](#) және [Яндекс Жеткізу](#) сервистері іске қосылды
- Яндекс Плюс жазылымы іске қосылды

2020

Жүргізушілер мен курьерлер үшін қаржылық көмек көрсету қорын ашу арқылы коронавирус пандемиясы кезінде сервистердің серіктестеріне қолдау көрсетілді



2021

- [Yandex Cloud](#) бұлттық платформасы іске қосылды
- Яндекс Go жоғалған адамдарды іздеумен айналысатын LIDER.KZ еріктілер қозғалысымен қызметтес бола бастады

2022

- [Yandex SpeechKit](#) қазақ тілінде сөзді синтездеуді және тануды үйренді
- Яндекс Go қайырымдылық ұйымдарына қолдау көрсету үшін «Жомарт қараша» науқанын өткізді

2023

- [Алиса](#) виртуалды көмекшісі (Яндекс Браузер және Алиса бар Үй қолданбаларында), Іздеу сервисіндегі жылдам жауаптар мен ақылды камера қазақ тілінде қолжетімді бола бастады, ал Яндекс Браузерде және Алиса бар Яндекс қолданбасында видеоны қазақ тіліне аудару функциясы пайда болды
- Қазақстанның Яндекс Go сервисі жұмыс істейтін барлық қалаларында денсаулық ерекшеліктері бар пайдаланушыларға арналған такси опциялары іске қосылды

2024

- Алматы қаласында жаңа кеңсе ашылды
- Нейро, ақылды колонкалардағы Алиса, сондай-ақ есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға арналған [Яндекс Әңгіме](#) қолданбасы қазақ тілінде қолжетімді бола бастады
- Yandex Cloud бұлттық платформасы Қарағанды қаласындағы дата-орталыққа серверлік инфрақұрылымын орналастырды
- Алғашқы Yandex Qazaqstan Day технологиялар фестивалі өткізілді

Yandex Qazaqstan цифр түрінде

>15 жыл

www.yandex.kz порталы іске қосылғалы
нарықта істеп келеді



>15

цифрлық сервис
пен өнім



>500

қызметкер
компанияда істейді



>23 млрд ₸

2023 жылдың қорытындысы бойынша
компания төлеген салықтар көлемі



>950 млн ₸

Яндекс Go-дың қауіпсіздік технологияларын
дамытуға салған инвестициясы
2023–2024 жылдары



>640 млн ₸

Yandex Qazaqstan білім беру
жобаларына инвестициялаған сома
2023–2024 жылдары




Тұрақты даму саласындағы қызмет бағыттары

Yandex Qazaqstan өмірдің цифрлық технологиялармен тікелей немесе жанама түрде байланысты әртүрлі салаларын дамытуға әсер етеді. Бұл әсердің пайдалы болуын қамтамасыз етуге ұмтылыс біздің жұмысымыздың негізін құрайды.

Біз үшін компаниямыздың қазір қай салаларға елеулі әлеуметтік-экономикалық үлес қосып жатқандығын, сондай-ақ болашақта қай салада пайдамыз тиетінін түсіну маңызды. Тұрақты даму саласындағы басым қызмет бағыттарын анықтау үшін біз Yandex Qazaqstan-ның барлық ағымдағы бастамалары туралы ақпаратты жинап, оны жүйеге келтіріп, талдау жүргіздік. Нәтижесінде біз өз құзыретіміз бен технологияларымыздың арқасында пайдамыз тиетін сегіз негізгі бағытты таңдадық.

Біз **БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы мақсаттарын** (БҰҰ ТДМ) қолдаймыз. Олар біздің басым жұмыс бағыттарымыздың негізін құрайды. Сондай-ақ, тұрақты даму саласындағы жобаларды іске асыру бізге **Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтарына** қол жеткізуге үлес қосуға көмектеседі.





Yandex Qazaqstan-ның БҰҰ ТДМ-на және Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтарына қол жеткізуге қосқан үлесі

Өмір сүру сапасы

Фокустық БҰҰ ТДМ	Өзекті жалпыұлттық басымдықтар	Yandex Qazaqstan-ның тұрақты даму бағыттары	Yandex Qazaqstan-ның қосқан үлесі
3ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ 9ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ 11ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР	• Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру • Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту • Теңдестірілген аумақтық дамыту «Мықты экономика» бағыты шеңберінде	Сервистердің ыңғайлылығы, сапасы және қауіпсіздігі	• Пайдалануға оңай, қолжетімді және көпшілікке пайдасы тиетін цифрлық сервистерді жасау • Ашық бастапқы коды бар өнімдерді жариялау • Сервистер мен өнімдерде ұлттық мәдениет пен тілді қолдау және дамыту • Қала ішінде жүру және заттар мен тауарларды жеткізу үшін ыңғайлы әрі сапалы сервистерді жасау арқылы қала және көлік инфрақұрылымын дамыту • Сервистерді пайдалану кезінде жол-көлік оқиғаларының және басқа да жағымсыз жағдайлардың орын алу қаупін азайту үшін қауіпсіздік технологиялары мен шараларын ендіру, Яндекс Go-да (Таксиде) жол-көлік оқиғасы жағдайында жүргізуші мен жолаушылардың өмірі мен денсаулығын тегін сақтандыру
9ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ 10ТЕНСІЗДІКТІ ҚЫСКАРТУ 11ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР 17ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК	• Әділетті әлеуметтік саясат «Азаматтардың әл-ауқаты» бағыты шеңберінде	Қолжетімді әрі тең орта	• Яндекс сервистерін зағип және көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін бейімдеу • Яндекс Go-да (Таксиде) денсаулық ерекшеліктері бар адамдар үшін арнайы мүмкіндіктерді жетілдіру • Яндекс Про платформасын керең және есту қабілеті нашар жүргізушілер үшін бейімдеу • Яндекс Әңгіме қолданбасын есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар үшін жетілдіру • Қайырымдылық ұйымдарының қамқорындағы адамдар үшін тегін такси сапарларын және жеткізу қызметтерін ұйымдастыру • Мүгедектігі бар адамдар үшін «Инватакси» қызметін көрсету бойынша мемлекеттік жобаны қолдау, сондай-ақ оңалтудың техникалық құралдарын жедел жеткізу жөніндегі жобаны қолдау



Yandex Qazaqstan-ның БҰҰ ТДМ-на және Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтарына қол жеткізуге қосқан үлесі

Адамдарды дамыту

Фокустық БҰҰ ТДМ	Өзекті жалпыұлттық басымдықтар	Yandex Qazaqstan-ның тұрақты даму бағыттары	Yandex Qazaqstan-ның қосқан үлесі
3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ АР-АУҚАТ 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ 17 ТҰРАҚТЫ ДАМУҒА ҮШІН СЕРІКТЕСТІК	• Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру • Теңдестірілген аумақтық дамыту «Мықты экономика» бағыты шеңберінде	Сервистердің серіктестері	• Серіктестердің ауқымды тобына Яндекс сервистері арқылы табыс табудың мүмкіндіктерін ұсыну • Платформалық жұмыспен қамтуды дамыту жобасы шеңберінде жеке кәсіпкер серіктес жүргізушілерді қолдау • Жүргізушілер мен курьерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін технологияларды енгізу • Яндекс Go сервистерінде тапсырыстарды орындау кезінде жүргізушілерді (жол-көлік оқиғасы жағдайында) және курьерлерді (жазатайым оқиға орын алған жағдайда) тегін сақтандыру • Саңырау және нашар еститін жүргізушілермен ынтымақтастық • Жүргізушілер мен олардың отбасы мүшелеріне бағдарламалау дағдыларын тегін үйрену мүмкіндіктерін ұсыну • Шағын бизнеске арналған сервистер мен өнімдер жасау • IT-стартаптар мен компанияларға Yandex Cloud сервистеріне қолжетімділік беру, ғылым және білім жобаларын бұлтты технологиялармен қолдау, бұлтты технологиялар бойынша курстар
4 САПАЛЫ БІЛІМ 5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ 9 ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ИНФРАҚАҒЫЛАМ	• Сапалы білім беру «Азаматтардың әл-ауқаты» бағыты шеңберінде • Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру «Мықты экономика» бағыты шеңберінде	IT білім беруді дамыту	• Оқушылар мен студенттерге техникалық дағдыларды дамытуға көмектесетін тегін білім беру жобаларын дамыту • Оқушылар арасында IT мамандықтарын танымал ету • Әйелдердің IT саласына қатысуын арттыруға бағытталған жобаларды, соның ішінде Technovation Girls Kazakhstan бағдарламасын қолдау • Яндекс Практикумның жаңа мамандықты алуға және IT саласында жұмыс табуға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын дамыту • Конференциялар, митаптар, хакатондар, дәрістер және басқа да бейінді іс-шараларды өткізу арқылы IT қауымдастықтарды дамыту




Yandex Qazaqstan-ның БҰҰ ТДМ-на және Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтарына қол жеткізуге қосқан үлесі

Адамдарды дамыту

Фокустық БҰҰ ТДМ	Өзекті жалпыұлттық басымдықтар	Yandex Qazaqstan-ның тұрақты даму бағыттары	Yandex Qazaqstan-ның қосқан үлесі
3ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ 8ЛАЙЫҚТЫ ҚИМАС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҰУ 10ТЕНІСІЗДІКПІ ҚЫСҚАРТУ 16БІЛІГІШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР	- Әділетті әлеуметтік саясат «Азаматтардың әл-ауқаты» бағыты шеңберінде - Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру «Мықты экономика» бағыты шеңберінде	Қызметкерлерге деген қамқорлық	- Ашық және лайықты ынталандыру жүйесін қамтамасыз ету (жалақы, сыйақы және әлеуметтік жеңілдіктерді қоса алғанда) - Компания ішінде адам құқықтарын құрметтеу және мүмкіндіктердің ашық және теңдік мәдениетін қолдау - Қызметтер кешенін қамтитын EMC, оқыс оқиғалардан және шетелге сапарлар кезінде сақтандыру, тағам өтемақысы, тұрғын үй сатып алуға жеңілдікті қарыздар, тегін спорттық жаттығуларға арналған мүмкіндіктер беретін ауқымды әлеуметтік пакет

Әдеп және адалдық

Фокустық БҰҰ ТДМ	Өзекті жалпыұлттық басымдықтар	Yandex Qazaqstan-ның тұрақты даму бағыттары	Yandex Qazaqstan-ның қосқан үлесі
8ЛАЙЫҚТЫ ҚИМАС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҰУ 16БІЛІГІШІЛІК, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР	- Әртараптандырылған және инновациялық экономика құру - Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту «Мықты экономика» бағыты шеңберінде	Ақпараттық қауіпсіздік Контент сапасы және қауіпсіздігі Нормаларды, стандарттарды және заңдарды ұстану	- Ақпараттық қауіпсіздік пен деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету - Іздеу және жарнамалық контенттің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау - Пайдаланушыларды алаяқтар мен спамнан қорғау механизмдерін жасау - Іскерлік және корпоративтік әдеп ережелерінің сақталуын бақылау



Технологиялар мен инновациялар

Технологиялар мен инновациялар	12
Генеративтік нейрожелілер	12
Қалалық инфрақұрылымға арналған технологиялар	14
Автономды технологиялар	14

Технологиялар мен инновациялар



Yandex Qazaqstan өнімдері мен сервистері — іздеу, геонавигация, бұлттық сервистер мен дауыстық көмекшіден бастап ауа райын болжау мен жеткізуші роботтарға дейін — біздің өзіміз жасаған технологияларымызға негізделген. Олар тұрақты даму саласындағы мәселелерді шешуге көмектесіп қана қоймай, білім беру, қайырымдылық, қалалық инфрақұрылымды дамыту, шағын бизнесті қолдау және өмірдің басқа да салаларында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Бұл бөлімде біз қазір дамытып жатқан технологиялардың кейбірі туралы ғана айтып өттік. Сервистерімізде пайдаланылатын басқа шешімдер туралы толығырақ [мына жерден](#) біле аласыз.

Open-source жобалар

Біз жасақтап жатқан технологиялар күн сайын сервистеріміздегі алуан түрлі мәселелердің үлкен көлемін шешуге көмектеседі. Мұндай мәселелер басқа компаниялардың IT мамандарында да туындайды, сондықтан біз тәжірибемізді жобаларды бірлесіп жасақтауға және орналас-тыруға арналған платформаларда — мысалы, [GitHub](#)-та бөлісеміз. Біз онда **ашық бастапқы коды бар жобаларды** (open-source жобаларды) жариялап отырамыз. Бағдарламашылар қауымдастығы біздің бірегей шешімдерімізді өз сервистерін тездетіп іске қосу үшін пайдалана алады, ал біз пайдаланушылар аудиториясын ұлғайту, кері байланыс алу және технологияларды жетілдіру мүмкіндігіне ие боламыз.

2024 жылы ашық қолжетімділікпен салынған шешімдердің қатарына ауқымды тіл модельдерін үйретуді айтарлықтай тездететін [YaFSDP](#) жиынтығы, ал 2023 жылы — Yandex Qazaqstan сервистерінің көп бөлігі жұмыс істейтін, үлкен деректерді сақтауға және өңдеуге арналған [YTsauros](#) платформасы кірді.

Біздің ашық коды бар өнімдеріміз туралы толығырақ [мына жерден](#) біле аласыз.

Генеративтік нейрожелілер

2023 жылы генеративтік нейрожелілердің мүмкіндіктері негізгі технологиялық трендтердің біріне айналып, ғылыми қауымдастық пен бизнестің ғана емес, пайдаланушылардың да назарына ілікті.

Біздің генеративтік нейрожелілерді пайдалана бастағанымызға біраз болды: Яндекске үлкен нейрожелілік тіл модельдерінің тобы — aLM (Yet another Language Model) толық нұсқасы 2021 жылы жасақталған болатын. 2023 жылдың көктемінде біз [YandexGPT](#) деп аталатын жаңа үлкен тіл моделін ұсындық.

Нейрожелілер алуан түрлі Yandex Qazaqstan өнімдерімен біріктірілген. Мысалы, олар Яндекс Браузерде видеоны орыс және ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуға, сондай-ақ Нейро сервисі арқылы жауаптарды интернетте қазақ және орыс тілдерінде іздеуге көмектеседі. Сондай-ақ Яндекс Браузерде нейрожелі мәтіндік материалдар мен видеоны маңызды тұстарына тоқтала отырып айтып береді, сонымен қатар мәтінді өңдеуге және оның мәнерін жақсартуға, мәтінді қысқартуға және маңызды тұстарын бөліп көрсетуге көмектеседі. Жарнама берушілер Яндекс Директте дайын хабарландыруларды жасай алады: нейрожелілер сапалы тақырып пен мәтінді жазып қана қоймай, сәйкес суретті де салып береді.



Генеративтік нейрожелілер



Нейро

Yandex Qazaqstan Day технологиялар фестивалінде біз іздеу мүмкіндіктері мен генеративті нейрожелілерді біріктіретін жаңа **Нейро** сервисін жарияладық. Пайдаланушылар қазақ және орыс тілінде сұрақ қоя алады, ал Нейро интернеттен ақпаратты іздестіріп, оны **дерек-көздерге сілтемелері бар бір ортақ жауап ретінде ұсына алады**. Олар мәтіннің үстінде бөлек блок түрінде орналасады. Пайдаланушылар онда деректерді тексеріп, қызықты тақырыпты тереңірек зерттей алады.

Нейроның арқасында мәнін жақсы түсіну, терең білім мен жаңалықтар туралы хабардар болуды талап ететін ең күрделі сұрақтарға жауап алуға болады.

Нейро табиғи сөйлесу тілі мен әңгіме мағынасын түсінуге тырысады: сауалдарды қалай құрастыру керектігін ойлау, қосымша сұрақтар қою немесе диалог режимінде ақпаратты нақтылау қажет емес. Мәтіндік сауалға сурет қосуға болады — мысалы, белгісіз бөлме өсімдігін суретке түсіріп алып, оған қалай күтім жасау керектігін сұрауға болады.

Нейро сервисі yandex.kz сайтында қолжетімді.

2023 жылдың желтоқсан айында біз YandexGPT тіл моделінің API интерфейсін **Yandex Cloud** бұлттық платформасы арқылы **Қазақстанның барлық жасақтаушылары үшін қолжетімді** еттік. Бұл компаниялар жеке IT шешімдерін жасақтау немесе жекелеген бизнес үрдістерді автоматтандыру (мысалы, клиенттік қолдау қызметінде немесе онлайн сатылымдар мен жарнамада) үшін нейрожеліні өздерінің өнімдерімен біріктіре алады дегенді білдіреді.

Технологиялық өнімдерді әзірлеумен айналысатын компаниялар **Yandex Cloud Boost AI** бағдарламасы шеңберінде YandexGPT сервисінің API интерфейсін тестілеуге қолжетімділік ала алады. Оған қосымша біз мамандарымыздан консультация алу мүмкіндігін ұсынамыз. Олар модель технологияларын қалай тиімді пайдалануға болатынын айтып береді. Yandex Cloud Boost бағдарламасы туралы толығырақ **«Бизнес серіктестерге арналған мүмкіндіктер»** бөлімінде айтылған.

Сондай-ақ 2023 жылы біз **Шедевр** қолданбасын шығардық. Аталған қолданбада мәтіндік сұраулар бойынша суреттер жасауға болады — пайдаланушы не алғысы келетінін сипаттап береді, ал нейрожелі сол сипаттама бойынша суретті жасайды немесе өңдейді. Қолданба **YandexART** нейрожелісі негізінде жұмыс істейді. Бұл нейрожелі Қазақстанның мәдени кодын түсінуге үйретілген — ол ұлттық тағамдарды, елдің музыкалық аспаптарын, Тұсаукесер салтын, асық ойынын және т.б. біледі.



ЖИ әдебі

Біз жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын **ішкі қағидаларға** сәйкес дамытамыз. Олардың қатарына біздің барлық алгоритмдеріміздің қауіпсіздігі, болжамдығы және жаңғыртылуы кіреді.

ЖИ жүйелері адамдар беретін мысалдардан үйренеді. Сондықтан алгоритмдерді үйрету кезінде біз шешім қабылдап жаттығу үшін пайдаланылатын іріктемелерді мұқият дайындаймыз. Барлық технологиялар іске қосудан бұрын мұқият тестілеуден өтеді.

Сондай-ақ, біз ЖИ технологияларының қолжетімділігін арттыруға ұмтыламыз — жалпы репозиторийлерде¹ ашық бастапқы коды бар өнімдерді орналастырамыз және IT-стартаптар мен компанияларға Yandex Cloud Boost бағдарламасының аясында Yandex Cloud сервисіне тегін қолжетімділік береміз. Оған қоса, басқа технологиялық компаниялармен бірге біз **Қазақстанда ЖИ дамыту қауымдастығының** мүшесіміз, ол ЖИ мүмкіндіктерін кеңейту бойынша бизнес, ғылыми қауымдастық пен мемлекеттің күш-жігерін біріктіреді.

¹ Репозиторий — деректер, мысалы, қолданбаның бастапқы коды сақталатын қойма.

Қалалық инфрақұрылымға арналған технологиялар

2024 жылдың шілде айында Яндекс Еда сервисі серіктестерінің курьерлері пайдаланушыларға тапсырыстарды жеткізу процесін ыңғайлы, жылдам әрі қауіпсіз ету үшін **өзіміз жасақтаған электровелосипедтермен** жеткізе бастады.

Құрылғы курьерлердің ұсыныстарын ескере отырып жобаланған болатын. Велосипед жақтауы алюминийден жасалған — бұл велосипедті жеңіл әрі берік етеді. Орындық тіпті ұзақ сапарлар кезінде де қатты шаршатпайтындай етіп құрастырылған. Оған қоса, велосипедте курьердің сөмкесін мықтап ұстап тұруға арналған жақтауы бар жүксалғыш және смартфонға арналған қуаттандырғыш бар.

Біз қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлдік. Электровелосипед сервермен деректер алмасуға мүмкіндік беретін IoT (internet of things, «заттар интернеті») модулімен жабдықталған. Бұл, атап айтқанда, жылдамдықты автоматты түрде реттеуге мүмкіндік береді — велосипедпен қаланың нақты бір аумағы үшін белгіленген жылдамдық шегінен асып кете алмайсыз. Велосипед аккумуляторы барлық қауіпсіздік талаптарына сай әзірленген, өздігінен жанудан қорғалған және бақылау жүйесімен жабдықталған.

Пайдаланушылар үшін біз Яндекс Go қолданбасында жалға алуға болатын **самокаттарды** әзірледік. Бұл жеңілдетілген және төзімді модельдер аса берік бұйымдарды өндіру үшін пайдаланылатын магний қорытпасынан жасалған. Самокаттар алдыңғы және артқы амортизаторлармен жабдықталған, ал үлкен жол саңылауы тегіс емес және кеспе тасты жолмен жайлы жүруге мүмкіндік береді. Пайдаланушылар самокатта көбінесе сөмкемен, рюкзакпен немесе пакетпен жүреді, сондықтан біз ыңғайлы ілгектер мен смартфонға арналған ұстағышты жасап қойдық. Мұндай ұстағышта құрылғы нық тұрады және сапар кезінде түсіп қалмайды.

Самокат платформасы кең, бірақ қысқа. Бұл **сапар қауіпсіздігін** арттырады, себебі онымен екі адам бір мезетте жүре алмайды. Кең рөл самокатты тұрақты етеді, ал шағын бұрылу радиусы тар көшелерде артқа оңай бұрылуға мүмкіндік береді. «Баяу» аймақтар ретінде белгіленетін адам көп жерлерде, мысалы, саябақтарда немесе мектеп жанында самокаттар жылдамдықты автоматты түрде азайтады.

Біздің қалалық сервистерді пайдалану кезінде пайдаланушыларды қандай технологиялар қорғайтыны туралы толығырақ **«Жайлы және қауіпсіз қалалық ортаны дамыту»** бөлімінде айтылған.


Автономды технологиялар

2017 жылдан бастап біз тауарларды автономды тасымалдауға арналған технологияларды әзірлей бастадық. Мәселен, компаниялар біздің **жеткізуші роботтарымызды** кішігірім жүктерді тасымалдау үшін, мысалы, кафе мен мейрамханалардан тағамды жеткізу, дүкендерден азық-түлікті жеткізу, сондай-ақ құжаттарды жіберу үшін пайдаланады.

Мұндай құрылғыларға 20 килограмға дейін жүк сыйады, олар бағдарды өз бетінше құрады (адамдар оларды тек қашықтан қарап отырады), тіпті қараңғыда да жол таба біледі және қозғалыс кезінде айналадағы нысандарды тани алады: мысалы, тосқауылдарды айналып өтеді және жолаушылар мен жануарларға жол береді.

Олар машиналық оқыту, навигация, картография және бұлттық есептеулерге негізделген. Бұл роботтарға лидарлар, камералар және радарлармен бірге әртүрлі жүргізу жағдайларында және кез келген ауа райында жұмыс істеуге мүмкіндік береді.





Өмір сапасы

Сервистердің ыңғайлылығы,
сапасы және қауіпсіздігі

16

Ұлттық мәдениет пен тілді қолдау және дамыту	16
Жайлы және қауіпсіз қалалық ортаны дамыту	20

Қолжетімді әрі тең орта

24

Инклюзия	24
Коммерциялық емес ұйымдарды қолдау	26
Төтенше жағдайлардағы көмек	27

Сервистердің ыңғайлылығы, сапасы және қауіпсіздігі



Біз Yandex Qazaqstan-ның цифрлық сервистерін пайдалы және қауіпсіз етіп қана қоймай, алуан түрлі пайдаланушылар үшін бірдей ыңғайлы әрі қолжетімді етуге ұмтыламыз.

Оның үстіне Қазақстанның миллиондаған тұрғыны күнделікті пайдаланатын өнімдеріміз бен технологияларымыздың цифрлық ортада қазақ тілін көпшілікке таратуға және ұлттық мәдениетті қолдауға көмектескені біз үшін маңызды.

Ұлттық мәдениет пен тілді қолдау және дамыту

Бүгінгі таңда Қазақстанның мемлекеттік тілінде компанияның негізгі сервистерінің барлығы қолжетімді — Іздеу және Яндекс 360 (Пошта, Диск, Күнтізбе және т.б.), Браузер, Такси, Еда, Жеткізу және Карталар. Біз қазақ тілін өнімдеріміз бен технологияларымызда пайдалану мүмкіндіктерін үнемі кеңейтіп отырамыз. Соның арқасында қазақ тілді және тілді үйреніп жатқан пайдаланушылар оны күнделікті өмірде көбірек әрі ыңғайлы пайдалана алады.

40 %

пайдаланушы күн сайын Іздеу сервисінде қазақ тілінде сұрақтар қояды

2024 жылдың қаңтар-маусым айы аралығындағы кезең бойынша деректер

>560 мың

бірегей пайдаланушы Яндекс Браузерде видеоны қазақ тіліне аудару функциясын байқап көрді функция 2023 жылдың қазан айында қосылған сәтінен 2024 жылғы маусым айының соңына дейін

>5 млн сағат

Қазақстанда түсірілген контентті пайдаланушылар Кинопоиск арқылы тамашалады 2024 жылғы қаңтардан маусымға дейін

>500

қазақстандық әртіс Яндекс Музыкада ұсынылған 2024 жылдың маусым айында



Ү Браузер

Яндекс Браузерде және Алиса бар Яндекс қолданбасында **видеоны ағылшын немесе орыс тілінен қазақ тіліне автоматты түрде аудару функциясы** бар. Соның арқасында шетелдік контент қазақ тілді пайдаланушылар үшін қолжетімдірек бола бастады. Кадрдан тыс екі дауысты аударманы YouTube, VK, Vimeo, Twitch және Coursera сервистерінде орналастырылған роликтерде қосуға болады. Технология құрылысы мынадай: алдымен нейрожелілер бастапқы дыбыс жолағын зерттейді, спикерлердің сөзін басқа дыбыстардан (мысалы, музыка мен шудан) ажыратады және оны мәтінге түрлендіреді. Содан кейін нейрожелілер мағыналық екпіндерді қойып шығады да, спикерлер жынысын ескере отырып, бәрін қазақ тіліне аударады. Әрі қарай аударылған мәтін дыбыстауға жіберіледі. Оған қоса, оны бейнеқатармен үйлестіру қажет, себебі қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде сөз ұзындығы әртүрлі боп келеді. Нейрожелілер сөздердің арасындағы үзілістерді қысқартады және сөз қарқынын қажетінше тездетеді. Бұның бәрі пайдаланушы батырманы басқаннан кейін санаулы секундта жасалады.



Ү Іздеу

2023 жылы қазақ тілінде Іздеудің екі функциясы қолжетімді бола бастады — **жылдам жауаптар және ақылды камера**. Жылдам жауаптар іздеу жолының астында көрсетіледі және жекелеген іздеу сауалдарына қысқаша жауап береді. Бұл сайтқа өтпестен қажетті ақпаратты мейлінше тез табуға мүмкіндік береді. Ал Алиса бар Яндекс мобильді қолданбасындағы ақылды камерада пайдаланылатын компьютерлік көру технологиясы заттарды суреті бойынша тануға және оларды интернеттен іздеуге, мәтінді аударуға және құжаттарды сканерлеуге мүмкіндік береді¹. Мысалы, оның көмегімен мәтінді қазақ тілінен ондаған басқа тілге және керісінше аударуға болады, ал камераны затқа апарсаңыз (мысалы, өсімдікке), бұл функция оның қазақ тіліндегі атауын айтып береді. Сонымен қатар, студенттер мен оқушыларға математикалық теңдеулерді шешу функциясы пайдалы болуы мүмкін. Ақылды камера есеп шарттарын танып-ажыратуға тырысады және шешу алгоритмін көрсетеді. Оқушыларға бұл өзін-өзі тексеруге, ал ата-аналарға балаларына үй жұмысын орындауға көмектесуге мүмкіндік береді.

2024 жылдың көктемінде Іздеу сервисі тіпті қазақша және орысша сөздер араласып келсе де **қазақ тіліндегі дауыстық сұрауларды** түсінуді үйренді. Бұл опция Яндекс Браузер және Алиса бар Яндекс қолданбаларында қолжетімді. Дауыстық сұрауларды тану үшін қазақ тіліне бейімделген SpeechKit технологиясы пайдаланылады: дауыстық сұрау мәтінге түрленеді де, іздеуге жіберіледі, ал пайдаланушы сұрақты қолмен жазған кездегі сияқты жауап алады. Маңыздысы, пайдаланушылар іздеу нәтижелерінде мұндай сұраулар бойынша тек мемлекеттік тілдегі мақалаларды ғана емес, нейрожелі арқылы аударылған ағылшын және орыс тіліндегі материалдарды да көреді. Бұл технологияны ендірудің нәтижесінде Іздеу сервисінде қазақ тіліндегі пайдалы материалдар саны 15 миллионға артты.

¹ Телефонның жүйелік параметрлерінде қазақ тілін таңдау, сондай — ақ қосымшаның (мысалы, Қазақстан-Алматы) параметрлерінде өңірді орнату қажет.

Алиса және ақылды құрылғылар

Яндекстің виртуалды дауыстық көмекшісі **Алиса** да **қазақ тілін түсінеді және сөйлей алады**. Ол әңгіме құрай алады немесе қызықтыратын сұраққа (мысалы, Астанада қандай көрнекі жерлерге барған дұрыс немесе алдағы аптада ауа райы болжамы қандай) жауап бере алады. Алиса сұрауларды түсініп, қазақ тілінде жауаптарды беруі үшін, оған үйрету үлкен деректер көлемінің, соның ішінде қолмен аударылған мыңдаған диалогтар мен аудиожазбалардың жүздеген сағатының көмегімен жүргізілді. Олар тіл иелерінің және редакторлардың көмегімен дайындалған болатын. Алисамен қазақ тілінде Яндекс Браузер мобильді қолданбасында, ал 2024 жылдың маусым айынан бастап — ақылды колонкаларда да сөйлесуге болады. Яндекс Станцияда екі тілді Алисаны «Алиса бар Үй» қолданбасы арқылы қосуға болады. Әңгіме кезінде ол бір тілден екіншісіне оңай ауысады және сұрақ қойылған тілде жауап береді.



Яндекс Плюс


Пайдаланушылар **Яндекс Плюс** жазылымын қоса алады: ол Кинопоиск пен Яндекс Музыкаға қолжетімділікті, сондай-ақ, сатып алу және қызметтерді алу кезінде үнемдеу үшін «Яндекс Плюс Кешбэк» бейілділік бағдарламасының аясында ұпайлар алуға мүмкіндігін береді. Ұпайды бір сервисте алып (мысалы, Яндекс Go-да таксимен сапар үшін төлеген кезде), басқасында пайдалануға болады (мысалы, Яндекс Афишадан билет сатып алған кезде жеңілдік алу үшін).

Яндекс Плюс жазылымын төлеу арқылы пайдаланушылар Қазақстанның шығармашылық саласын қолдайды: **ойын-сауық сервистерінен түскен табыс қазақстандық әртістерді қолдау**, киноға, музыкалық жобаларға және елдегі мәдени іс-шараларға продюсерлік ету үшін пайдаланылады.

Кинопоиск

Біз қазақстандық киноға қызығушылықтың үнемі өсіп жатқандығын байқап отырмыз. Мәселен, **Кинопоиск** деректеріне сүйенсек, 2023 жылы пайдаланушылар Қазақстанда түсірілген контенттің шамамен 4 миллион сағатын қараған болса, бұл көрсеткіш 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында-ақ 5 миллион сағаттан асып түсті.

Кинопоискіде 50-ден аса шетелдік фильмдер мен сериалдар қазақ тіліне аударылып қойған, ал біздің команда дайын аударманы ғана пайдаланып қоймай, **контентті өз бетінше дыбыстайды**. Әр ай сайын онлайн-кинотеатрда жаңа қазақстандық фильмдер, соның ішінде эксклюзивті премьералар шығып тұрады, оған қоса сервисте «Қазақфильм» киностудиясының ауқымды кітапханасы бар. Сондай-ақ Қазақстанның жетекші кино сыншыларымен бірлесе отырып, біз **қазақстандық кинематограф тарихы туралы бейнеэссе** шығардық.



Яндекс Музыка

Яндекс Музыка дарынды қазақстандық орындаушыларға **аудиториясын кеңейтуге және өз тыңдармандарын табуға** көмектеседі. Мәселен, сервис **ISKRA Qazaqstan** деп аталатын музыкалық жобаны іске қосқан болатын. Ол «Менің толқыным» ұсыныстар жүйесінің арқасында тректері танымалдылыққа ие болған қазақстандық әртістердің жеке плейлисті болып табылады. Яндекс Музыка редакциясы аудиторияның әртіске деген қызығушылығын және оның туындыларының тыңдалуын ескере отырып, плейлисті ай сайын жаңартып отырады.

Yandex Qazaqstan Day

2024 жылдың маусым айында біз заманауи технологияларға және олардың тілге, мәдениетке, қалалық ортаға және бизнеске әсеріне арналған **Yandex Qazaqstan Day** фестивалін өткіздік.

Іс-шара Алматы қаласындағы әйгілі «Медеу» стадионында өткізілді. Біз өнімдерімізді тестілеуге болатын интерактивті аймақтарды дайындадық: онда қонақтар Алисамен қазақ тілінде сөйлесті, жеткізуші роботтардың жұмысын бақылады, нейрожелі көмегімен суреттер жасады және оның бейнелерді қалай санаулы секундта аударатынын және дыбыстайтынын көрді.

Фестиваль сахнасында Yandex Qazaqstan сарапшылары мен жетекшілері жаңадан іске қосылайын деп жатқын өнімдер, мысалы, қазақ тіліндегі Нейро сервисі және қазақстандық әртістер қатысатын Кинопоиск жобалары туралы айтып берді.

4 мың адам

Yandex Qazaqstan Day технологиялар фестиваліне келді

Яндекс Go

Яндекс Go қолданбасы пайдаланушыларға **қаладағы күнделікті мәселелерді шешуге** мүмкіндік береді — қажетті жерге таксимен немесе самокатпен жылдам әрі тиімді жету, қоғамдық көлік қозғалысын қадағалау, заттарды немесе тауарларды жіберу, сондай-ақ сүйікті мейрамханалардан немесе дүкендерден тағамға тапсырыс беру. Яндекс Go да, тапсырыстарды орындайтын жүргізушілер мен курьерлер пайдаланатын Яндекс Про қолданбасы да қазақ тілінде қолжетімді. Сондай-ақ, Яндекс Про-ға іштей орнатылған навигаторда қазақ тіліндегі дауыстық хабарландыруларды баптауға болады.

Карталар

Яндекс Карталар сервисі, соның ішінде топонимдер мен ұйым атаулары толықтай қазақ тілінде қолжетімді. Географиялық және қалалық нысан атауларының дұрыс көрсетілуі үшін біз Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ауқымды түрде бірлесіп жұмыс істедік. Сонымен қатар, Карталардан іздеу функциясында орындар мен ұйымдарды қазақ тілінде іздеуге, сондай-ақ бағдар бойынша жүруге көмектесетін дауыстық көмексөздерді қазақ тілінде тыңдауға болады. Бұл функция Қазақстандағы сервис пайдаланушыларының 90%-дан астамы қолданатын ең танымал функциялардың бірі болып табылады.

2024 жылдың шілде айында біз Archcode Almaty-мен бірге **«Оңға қараңыз»** мәдени жобасын іске қостық: сарапшылар Алматы қаласында 20 ерекше қоғамдық көлік аялдмасын іріктеді, ал Яндекс Карталар оларды **арнайы іріктемеге** біріктіріп, үшөлшемді модельдер жасады. Бұл аялдмалардың көбінде пішіндері ерекше, олар мүсіндермен, мозаикамен, барельефтермен және ағаш кірістірмелермен безендірілген.

Қалада біз әрбір осындай аялдманың жанына қысқаша тарихи анықта-масы және QR-коды бар стелаларды орнаттық. QR-код арқылы ашылатын сайтта 3D модельдерді көруге және оларды жасау кезінде қандай архитектуралық техникалар мен көркем бейнелер пайдаланылғаны туралы оқуға болады. Жобаны Яндекс Музыкада қолжетімді қазақстандық музыкант M'Dee-дің **аудиогиді** толықтыра түсті.



Жайлы және қауіпсіз қалалық ортаны дамыту

Біз айналамыздағы қалалық ортаның серпінді өзгерістерін бақылап қана қоймай, пайдаланушыларымыз бен серіктестеріміздің қауіпсіздігіне ерекше назар аудара отырып, қаладағы адамдардың өмірін ыңғайлы әрі жайлы етуге ұмтыламыз.

Сервистерімізде цифрлық қауіпсіздіктің қалай қамтамасыз етілетіні туралы толығырақ [«Цифрлық орта қауіпсіздігі»](#) бөлімінде айтылған.



>950 млн ₸

Яндекс Go-дың қауіпсіздік технологияларын дамытуға салған инвестициясы
2023 жылы

4 млн ₸

сервисте тапсырыстарды орындау кезінде жүргізушілерді (жол-көлік оқиғасы жағдайында) және курьерлерді (жазатайым оқиға орын алған жағдайда) сақтандырудың максималды сомасы

жол-көлік оқиғасы жағдайында сақтандыру таксимен сапар кезінде автокөлікте болған әрбір жолаушыға да қолданылады

Арнайы тарифтер мен функциялардың көмегімен пайдаланушылар тіпті жоғарылаған сұраныс кезінде де сапарлардан ақша үнемдей алады. Мәселен, сапар құнын арзанырақ ету үшін алгоритм бірнеше минут күтуді немесе сапар аяқталғаннан кейін межелі нүктеге дейін кішкене жаяу жүруді ұсынуы мүмкін. Оған қоса, қатты асығыс емес немесе жалғыз өзі жүрген пайдаланушылар **«Бірге» тарифін** таңдау арқылы сапарды жолсерікпен бөлісе алады. Мұндай бағдар сәл көбірек уақыт алуы мүмкін, алайда «Эконом» тарифіне қарағанда арзанырақ шығады. Сондай-ақ бірлескен сапарлар жолдағы автокөліктер санын азайтып, жол кептелісінің азаюына және қалалардағы жалпы қозғалыстың жақсаруына септігін тигізеді.

Сапарлардан ақша үнемдеуге мүмкіндік беретін тағы бір функция — **баға индексі**. Ол Яндекс Go қолданбасында график түрінде көрсетіледі және қазіргі сәттегі сұраныс деңгейі мен күн барысында бағаның әдетте қалай өзгередінін көрсетеді. Бұл шешім қабылдауға көмектеседі: машинаға дәл қазір тапсырыс беру керек пе әлде, керісінше, қарбалас сәтке түсіп қалмай, ақша үнемдеу үшін сәл күткен дұрыс па.

2024 жылдың көктемінде Яндекс Go **«Қалааралық»** деп аталатын жаңа тарифті іске қосты. Оның арқасында пайдаланушылар көрші қалаға жылдам әрі ыңғайлы қатынай алады. Ол бірнеше бағдар бойынша қолжетімді, мысалы, Алматы — Қонаев, Астана — Қарағанды, Шымкент — Түркістан және керісінше. Мұндай тапсырыстарға жоғары рейтингісі бар және көрші елді мекендер арасында ұзақ сапарларды орындауға келісетін жүргізушілер тағайындалады. Тарифке жолда бір немесе бірнеше аялдама жасау үшін 10 минут тегін күту уақыты кіреді.

¹ Тарифтің қай қалаларда қолжетімді екенін [сілтеме](#) арқылы білуге болады.

Яндекс Go

Сапарлар қауіпсіздігі

Біз сапа стандарттарын үнемі жақсартып, сапардағы күрделі оқиғалардың алдын алуға арналған технологияларды әзірлеп отырамыз.

Жүргізушілер мен автокөліктерді тексеру

Таксиде тапсырыстарды Яндекс Go-дың серіктес таксопарктарындағы жүргізушілер және жеке кәсіпкер күйіндегі тікелей серіктес жүргізушілер орындайды. Сервиске қосу кезінде біз **тексеріс** жүргіземіз және серіктестерден ҚР заңнамасын сақтауды талап етеміз.

Жүргізушілер тапсырыстарға қолжетімділікті сақтап қалу үшін **сервис стандарттарына сәйкестікті** мерзімді түрде растап отырады. Ол үшін автокөліктер мен құжаттардың фотобақылауы, тексеру орынында көзбе-көз бақылау және кейбір тарифтерде құпия сатып алушы тексерістері жүргізіледі.

Барлық жүргізуші **жеке бас тексерісінен** — селфи арқылы қосымша сәйкестендіруден өтеді. Осылайша пайдаланушы оған тапсырыс мәліметтерінде көрсетілген адамның келетініне сенімді бола алады. Тексеріс бірнеше күн сайын жүргізіледі — алгоритм ол үшін ең ыңғайлы уақытты анықтайды.

Әр жүргізушінің жеке сапа көрсеткіші — **рейтингісі** бар. Ол жолаушылардың соңғы 150 бағасынан құралады және бірнеше күн сайын жаңартылады. Рейтинг 4,5-тен төмендеген кезде, жүргізушінің сервиске қолжетімділігі шектеледі.

«Балалар креслосы» опциясымен тапсырыстарды орындау үшін жүргізушілер **міндетті оқытудан** өтеді. Ол курстан және білімін тексеруге арналған тестілеуден тұрады. Жүргізушілерге балалар креслосын қалай орнату және баптау керектігі, ата-аналармен қалай сөйлесу және кішкентай жолаушылардың мінез-құлқына қалай жауап беру керектігі үйретіледі. Бұл опцияда пайдаланушыларға 9 айдан бастап 12 жасқа дейінгі балалар үшін жарамды және ECE R44/04 еуропалық қауіпсіздік стандартына сәйкес келетін креслолармен жабдықталған автокөліктер келеді.

Сапарлар кезінде

Softswitch технологиясы жүргізушіден пайдаланушының телефон нөмірін, ал пайдаланушыдан — жүргізуші нөмірін жасыра отырып, **жеке деректердің құпиялылығын** қамтамасыз етеді. Уақытша нөмір бүкіл тапсырыс барысында және содан кейін тағы біраз уақыт әрекет етеді. Бұл, мысалы, жолаушы салонда заттарын ұмытып кеткен жағдайда жүргізушімен байланысу үшін қажет.

Жылдамдықты және жүргізу мәнерін бақылау технологиялары жылдамдықты арттыруды немесе қауіпті манёврлерді (мысалы, кенет тежелуді) қадағалауға мүмкіндік береді. Егер жүйелер мұндай ереже бұзушылықтарды тұрақты түрде байқайтын болса, жүргізушіге ескерту беріледі, ал қайта-қайта бұзған жағдайда ол сервиске қолжетімділіктен айырылады.

Жүргізуші тапсырыстарды шаршаңқы күйде орындамауы үшін, қолданба қашан үзіліс жасау керектігін және тапсырыстарға қашан қайта оралуға болатынын хабарлайды. Демалу кезінде қолданба арқылы тапсырыстарға қолжетімділік шектеледі.


Әрбір сапар кезінде жүргізушінің және жолаушылардың өмірі мен денсаулығы сервис тарапынан жол-көлік оқиғалары жағдайларынан **сақтандырылған**. Сақтандыру жағдайында төленетін максималды төлем — 4 миллион теңге.

Күрделі оқиғаларға жауап беру

Егер жүргізуші бағдардан айтарлықтай ауытқып кетсе, ұзақ аялдама жасаса немесе сапарды Б нүктесінен алыс жерде аяқтаса, оның себебін анықтау үшін **қолдау қызметі** жүргізушіге және жолаушыға хабарласады.

«Бағдарды бөлісу» батырмасы жолаушылардың туысқандары мен достарына нақты уақыт режимінде машина қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Оған қоса, қолданба арқылы жолаушының жақындарына хабарласуға немесе төтенше қызметті шақыруға, сондай-ақ қолдау қызметіне сапар кезіндегі шиеленісті жағдай туралы шұғыл хабарлауға болады.

Жүргізушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы толығырақ **«Сервистердің серіктестері»** бөлімінде айтылған.



Самокаттар

Астана және Алматы қаласындағы Яндекс Go пайдаланушылары танымал қалалық көлік түріне айналған **электросамокаттарды** жалға ала алады.


Алғашқы сапарды жасамас бұрын, Яндекс Go қолданбасында **қауіпсіз жүргізу** нұсқаулары пайда болады, ал сапар кезінде пайдаланушылардың өмірі мен денсаулығы сақтандырылады. Сақтандыру «Сапарды бастау» батырмасын басқан сәттен бастап белсендіріледі де, «Сапарды аяқтау» батырмасын басқаннан кейін аяқталады. Сервис ережелері бойынша электросамокаттарды тек 18 жасқа толған пайдаланушылар жалға ала алады.

Пайдаланушылар электросамокатпен сапар кезінде өздерін сенімді сезінуі үшін, Яндекс Go жыл сайын 18 жастан асқан пайдаланушылар үшін тегін **Қауіпсіз жүргізу мектебін** ұйымдастырып отырады. Мектепке келушілер самокаттарға арналған жолда жүру ережелерімен танысып, практикалық тапсырмаларды орындайды — мысалы, жылдамдық бәсеңдеткіштен өтеді немесе самокатты дұрыс тұраққа қояды үйренеді. Сабақтар қорғаныс шлемінде және қала инфрақұрылымын ескере отырып жабдықталған арнайы қоршалған алаңда өтеді. Яндекс Go сервисінің серіктес курьерлері және басқа компаниялардың жеткізу сервистерінің тапсырыстарды самокатпен орындайтын курьерлері үшін жеке жүргізу мектептері ұйымдастырылды.

ЖОО студенттері үшін біз самокаттарды қауіпсіз пайдалану туралы арнайы дәрістер өткіздік. Мұндай іс-шаралар Халықаралық бизнес университетінде (UIB), Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде (IITU), Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде (АЭЖБУ) және Каспий университетінде (Caspian University) өткізілді.

~9 мың адам

Самокаттарды қауіпсіз жүргізу мектептерінде оқытудан өтті
2023 жылдың маусымында жоба іске қосылғаннан бастап 2024 жылдың маусым айының соңына дейін



Еда және Жеткізу

Яндекс Go-дағы Еда және Жеткізу сервистері **тапсырыстардың ұқыпты әрі қауіпсіз жеткізілуін** қамтамасыз ететін шараларды ендіруде.

Осылайша, Еда пайдаланушының қандай мейрамханалардан тағамға тапсырыс беретінін қарап отырады. Қосылған мекемелер рейтингісі үнемі қадағаланады: ол төмендеген жағдайда мейрамханаға ескерту беріледі, ал елеулі ереже бұзушылықтар жағдайында ол платформадан ажыратылады. Сондай-ақ сервисе пайдаланушыларға рецензия қосу опциясы ұсынылады. Бұл тағамдарына жоғары баға қойылған мейрамханаларды таңдауға мүмкіндік береді.

Тапсырыстарды жеткізетін курьерлер жеке бас тексерісінен өтеді, ал олардың термосөмкелеріне орындаушыны сәйкестендіруге көмектесетін бірегей нөмірлер жазылған. Курьерлер тапсырыстарды алу үшін пайдаланатын Яндекс Про платформасында клиенттер мен курьерлердің нөмірлері қауіпсіздік мақсатында шифрланады.

Жеткізу сервисі арқылы «Жүк», «Жеткізу» және «Курьер» тарифтері бойынша жіберілетін заттар мен тауарлар 3 миллион теңгеге **сақтандырылады**. Сақтандыру тегін және жүктің немесе жөнелтімнің бүлінуін, жойылуын немесе жоғалуын қамтиды¹. Ол жүргізуші немесе курьер пайдаланушыға келген сәтте әрекет ете бастайды және тасымалдау немесе жеткізу аяқталған соң аяқталады. «Жүк» тарифі бойынша жүкшілері бар машинаға тапсырыс берген жағдайда сақтандыру жүкті тиеу және түсіру кезеңіне қолданылады.

Курьерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы толығырақ **«Сервистердің серіктестері»** бөлімінде айтылған.



¹ Сақтандыру жүктердің барлық түріне қолданылмайды. Шарттар туралы толығырақ ақпарат [сілтеме](#) арқылы қолжетімді.



Карталар

Яндекс Карталар қала ішінде қатынауды ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді: қажетті орынды табады, қоғамдық көлік қозғалысын көрсетеді, жолға кететін уақытты есептеуге және оңтайлы жол құруға мүмкіндік береді. Оған қоса, сервисте сұлулық салондары мен бар-бершоптарға **онлайн жазылу функциясы** қолжетімді. Сүзгінің көмегімен осы опция қолжетімді салонды таңдауға, сондай-ақ жай ғана «Онлайн жазылу» батырмасын басу арқылы қажетті қызметті, күнді, уақытты және шеберді таңдауға болады.

2024 жылдың жазында Yandex Qazaqstan және Kazakh Tourizm-мен серіктестік шеңберінде Карталарда **Алматы және Астана қалаларындағы көрнекі жерлердің үшөлшемді модельдері** пайда болды. Астанада «Астана-Бәйтерек» монументін, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасын, «Астана Опера» театрын және Орталық мешітті көруге болады. Алматының 3D модельдерінің қатарында «Қазақстан» қонақүйі, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры, «Көктөбе» телемұнарасы және «Медеу» стадионы бар. Ғимараттар мен ескерткіштердің көлемді түрлі-түсті макеттері туристерге қалада бағдар ұстауға, ал тұрғындарға — таныс орындарды жаңа ракурстан көруге мүмкіндік береді.


Сондай-ақ Карталарда **Қазақстан қалаларының жаңа панорамалары** пайда болды. Пайдаланушылар Алматы және Астана қалаларында 2023 және 2024 жылдары салынған нысандарды көре алады. Сонымен бірге панорамаларда алғаш рет Балқаш, Есік, Қонаев, Талғар, Щучинсктің, сондай-ақ Қарғалы, Ұзынағаш және Шамалған ауылдарының көшелері пайда болды.

Автокөлікте қозғалу кезіндегі қауіпсіздікті арттыру үшін Карталар жүргізушіге рұқсат етілген жылдамдықтың арттырылғаны туралы ескертеді және бақылау камералары туралы еске салады. Сондай-ақ мектептерге жақындағаны туралы хабарландырулардың арқасында жүргізушілер мұндай аймақтарда аса мұқият болу керектігін алдын ала түсіне алады.



Заправки

Яндекс Заправки арқылы жанармайды тез әрі ыңғайлы құюға болады. Сервис жеке қолданба түрінде де, Карталар мен Навигаторда да қолжетімді. Ол арқылы жанармайды төлеуге, бағаларды салыстыруға, ең жақын жанармай құю станцияларын табуға және оларға бару үшін бағдар құруға болады. Қол тигізбей жасалатын төлемнің арқасында жанармай құюға бірнеше минут қана кетеді. Пайдаланушыға кассаға бару немесе қолма-қол ақшаны іздеп отыру қажет емес. Ал егер станцияда жанармай құюшы бар болса, тіпті машинадан да шығу қажет болмайды. Бұл **алуан түрлі жағдайларда ыңғайлы болуы мүмкін, мысалы, ауа райы нашар болғанда немесе кішкентай балалармен сапарларда**. Бүгінгі таңда Заправки сервисіне барлық ірі қалаларда, соның ішінде Астана, Алматы, Ақтау, Өскемен және Атырауда шамамен 700 жанармай құю станциясы қосылған.



Қолжетімді әрі тең орта



Біз өнімдеріміз бен сервистерімізді адамдар мен технологиялар арасындағы тосқауылдарды азайту және коммерциялық емес ұйымдарға әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесу үшін пайдаланамыз.




Инклюзия

Цифрлық қолжетімділік

Кез келген сервисте инклюзивтілік қосымша функция емес, негізгі сипаттама болуы қажет. Біздің өнімдерімізді денсаулық немесе жас ерекшеліктеріне қарамастан әртүрлі адамдар пайдалана алуы үшін, біз цифрлық өнімдерімізді бейімдеумен айналысамыз.

Такси, Іздеу, Браузер, Пошта қолданбасы және басқа сервистер көру қабілеті нашар адамдар пайдаланатын экрандық қолжетімділік бағдарламаларымен (скринридерлермен) жұмыс істей алады.

Сондай-ақ Алиса көмекшісі бар Яндекс қолданбасында қазақ тілінде қолжетімді **Ақылды камера** да **көзі көрмейтін адамдарға арналған сценарийлерді ескере отырып жұмыс істейді**. Мысалы, мәтінді тану режимінде қиып алынған мәтінді анықтап, пайдаланушыға камераны жылжыту керектігін айтады, қандай бұрыштан жасау керектігін көрсетіп береді, сонымен бірге кері аударылған мәтінді оқи алады¹.



¹ Телефонның жүйелік параметрлерінде қазақ тілін таңдау, сондай – ақ қосымшаның (мысалы, Қазақстан-Алматы) параметрлерінде өңірді орнату қажет.

² Іздеу, Браузер, Пошта және Аудармашы қолданбалары, Диск, Күнтізбе (веб-нұсқа), Такси, Карталар (веб-нұсқа), «Алиса көмекшісі бар үй» қолданбасы, Ақылды камера, Музыка, Кітаптар және Кинопоиск қолданбалары, авторизация сервисі (капча)

Есту және сөйлеу қабілеті нашар адамдар үшін біз Yandex SpeechKit технологиясы негізінде **Яндекс Әңгіме** қолданбасын жетілдіріп жатырмыз. Ол қазақ және орыс тіліндегі мәтінді таниды, мәтінді сөзге және сөзді мәтінге айналдырады, сөйлесу үшін дайын сөз тіркестерін ұсынады және диалогтар тарихын сақтайды. Қолданбаға қазақ тілін үйрету үшін әзірлеушілер командасы қазақша фонемалар (дыбыстар) мен сөздің айтылу ережелерін қамтитын аралас фонетикалық алфавитті жасады. Алфавит әрбір айтылған сөзді әріптеп тануға және оларды синтездеуге, сондай-ақ күндер мен сандарды, мысалы, жылды және телефон нөмірін анықтауға мүмкіндік береді. **Яндекс Әңгіме** қазақ тіліндегі сөзді дұрыс синтездеуі және тануы үшін, пайдаланушы мобильді телефон баптауларында қазақ тілін таңдауы керек.

Алиса дауыстық көмекшісі денсаулық ерекшеліктері бар адамдарға **күнделікті тапсырмаларды өз бетінше орындауға** көмектеседі. Мысалы, көзі көрмейтін және құлағы естімейтін пайдаланушылар дауыстық командалардың көмегімен интернеттен ақпаратты жылдам таба алады, музыканы немесе аудиокітапты қоса алады, оятқышты қоя алады немесе ақылды үйді басқара алады. Бұл функциялар қозғалысы шектеулі пайдаланушылар үшін де пайдалы. Мәселен, Алисамен тек дауыспен сөйлесу мүмкіндігі ақылды құрылғыларды (мысалы, розеткаларды немесе шамдарды) ыңғайлы басқаруға — жарықты, теледидарды, ауа ылғалдауышты және басқа электрондық аспаптарды сөндіріп-қосуға мүмкіндік береді³.

Біз сервистердің әрбір жаңартудан кейін қолжетімді болып қалуын, ал жаңа өнімдерде қолжетімділік талаптарының өнім іске қосылғанға дейін ескерілуін қадағалаймыз. Қолданбаларды бейімдеуде негізгі рөлді қолжетімділік бойынша тәжірибелі мамандардан тұратын **инклюзия командасы** атқарады. Сондай-ақ, командада зағип және көру қабілеті нашар тестілеушілер бар. Олар компанияның алуан түрлі сервистерінің бейімделу деңгейін талдайды, әріптестеріне қолжетімділік стандарттарын үйретеді және тестілеуге арналған құралдарды әзірлейді.

³ Алисамен жұмыс істейтін смарт құрылғыларды қосқанда қолжетімді. Толық ақпарат [сайтта](#) берілген.

Қалалық ортаның қолжетімділігі

Біздің технологияларымыз денсаулық ерекшелігі бар адамдарға цифрлық кеңістікте ғана емес, қалалық ортада да көмектеседі.



Яндекс Карталар

Яндекс Карталар қаладағы орындардың қолжетімділігі туралы ақпараттың қозғалысы шектеулі адамдар үшін жеткіліксіз болу мәселесін шешуге көмектеседі. Ұйымдардың карточкаларында ғимараттардың, саябақтардың және басқа орындардың маңызды сипаттамаларын көруге болады. Мысалы, оларға мүгедектер арбасымен кіру мүмкіндігі, автоматты есіктер мен лифттің болуы, арнайы дәретхананың немесе қызметшіні шақыру батырмасының болуы кіреді. Қолжетімділік туралы деректер тұрақты түрде жаңартылып және толықтырылып отырады.

>23,8 мың

Қазақстанның 445 елді мекенінде орналасқан ұйымның Яндекс Карты сервисінде қолжетімділік туралы деректері бар

2024 жылдың маусым айындағы деректер



Яндекс Go-дағы арнайы мүмкіндіктер

2023 жылы Қазақстанның Яндекс Go сервисі жұмыс істейтін барлық қалаларында **арнайы мүмкіндік экраны** қолжетімді бола бастады. Оның көмегімен денсаулық ерекшеліктері бар пайдаланушылар таксиге тапсырыс беру үшін және сапар барысында маңызды болып табылатын опцияларды көрсете алады. Олардың қатарында байланыс ерекшеліктері (егер пайдаланушы тек мәтін арқылы сөйлесетін болса немесе сөйлемейтін, бірақ еститін болса), машинаны табуға көмек және мүгедектер арбасын тасымалдау бар.



Көлікті табуға көмектесіңіз



Тек мәтінмен сөйлесемін



Сөйлемеймін, бірақ естимін



Мүгедектер арбасымен бірге боламын

Мұндай опциялар сапар құнына әсер етпейді, оларды «Бірге» тарифінен басқа кез келген тарифте таңдауға болады. Жүргізуші тапсырыс түсініктемесін көреді де, жолаушының ерекше қажеттіліктері туралы алдын ала білетін болады. Сапарды жайлы ету үшін біз **жүргізушілерге арналған қазақ және орыс тіліндегі практикалық ұсыныстарды** әзірледік. Мысалы, «Машинаны табуға көмек қажет» опциясын таңдаған жағдайда жүргізушінің тапсырыс карточкасында пайдаланушыға машинаны табуға, машинаға дейін жетуге және салонға отыруға көмектесу қажет екендігі туралы түсініктеме пайда болады.

Сонымен қатар Яндекс Go 2023 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бастамашылық еткен **«Инватакси» қызметтерін** көрсету бойынша пилоттық жобаға қолдау көрсетеді. Жобаға қатысатын мүгедектігі бар адамдар қала ішінде ыңғайлы қатынау үшін Яндекс Go арқылы таксиге тегін тапсырыс бере алады. Біздің қолданбамыз машинаны тез табуға, тапсырыс күйі мен сапарлар тарихын қадағалауға, сондай-ақ арнайы мүмкіндіктер экранының көмегімен арнайы тілектерді көрсетуге мүмкіндік береді. Біз мұндай тапсырыстарға тек жоғары рейтингке ие жүргізушілерді тағайындаймыз.

Сондай-ақ Яндекс Go командасы сервисті **есту қабілеті нашар жүргізушілер** үшін бейімдеуде. Бұл оларға біздің платформа арқылы табыс табуға мүмкіндік береді. Яндекс Про қолданбасы 2018 жылдан бері құлағы естімейтін және нашар еститін жүргізушілер үшін қолжетімді бола бастады: жүргізуші қоңыраулар мен дыбыстық сигналдардың орнына жарықтық хабарландырулар алады, ал жолаушымен байланыс үшін сапар басталғанға дейін және оны орындау кезінде қолжетімді болатын чатты пайдалануға болады. Біз пайдаланушыларға жүргізушінің естімейтіні жайлы ескертеміз және бүкіл мәліметті жазбаша нақтылауды сұраймыз. 2024 жылдың маусым айының соңына қарай Яндекс Go-мен **есту қабілеті нашар 340 жүргізуші** жұмыс істеді.

400 мың

такси сапарында арнайы мүмкіндіктер таңдалды

46 мың

пайдаланушы осындай сапарлар жасады

2023 жылдың ақпан айында опциялар іске қосылған сәттен бастап 2024 жылдың маусым айының соңына дейін

>140 мың

сапар «Инватакси» жобасы шеңберінде жасалды

962

пайдаланушы осындай сапарлар жасады

2023 жылдың шілдесінде жоба іске қосылғаннан бастап 2024 жылдың маусым айының соңына дейін


Қалалық ортаның қолжетімділігі



Сауықтыру құралдарын жеткізу

Яндекс Go-дағы Жеткізу сервисі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің техникалық сауықтыру құралдарын (ТСҚ) жылдам жеткізу бойынша пилоттық жобасына қолдау көрсетеді. Мұндай құралдарға кресло-арбашалар, жүріс арбалары, тұтқалар, гигиеналық құралдар және басқа да тауарлар жатады.

Мүгедектігі бар адамдар қажетті ТСҚ-ына Әлеуметтік қызметтер порталынан тапсырыс бере алады, алайда алушыға тауарларды жеткізу үшін орташа есеппен сегіз күн кетеді. Біздің сервисіміз әлдеқайда жылдам әрі уақтылы жеткізуді қамтамасыз етуге көмектеседі — алушылар ТСҚ-ын бір күн ішінде ала алады.



Қолжетімділік баптауларын пайдалану

Біз пайдаланушылардың қажеттіліктерін жақсылап түсіну, цифрлық өнімдерді бұрынғыдан да ыңғайлы ету және цифрлық шешімдер нарығындағы басқа ойыншылармен сервистерді бейімдеу тәжірибесін бөлісу үшін цифрлық қолжетімділік саласында зерттеулер жүргіземіз.

Осылайша, біз Яндекс Браузердің Қазақстандағы пайдаланушылары iOS және Android жүйелерінде қосатын қолжетімділік баптауларын талдап шықтық. Ол контенттің сырт көрінісін пайдаланушының қажеттіліктеріне орай өзгерту арқылы құрылғымен өзара әрекеттесуді жеңілдетуге мүмкіндік беретін телефонның жүйелік баптауларындағы арнайы функциялар.

Мысалы, зағип адам смартфонды басқа біреудің көмегінсіз пайдалану үшін экрандық қолжетімділік бағдарламасын іске қосады. Жақында көзіне операция жасаған пайдаланушылар көзге жарқын экранмен әсер еткізбейтін күңгірт тақырыпты қоса алады. Ал көру және есту қабілеті нашарлаған егде жастағы адамдар үлкейтілген қаріп, лупа және экран элементтерін дауыстап қосу функциясын қосады.

Пайдаланушылар саны бойынша ең көп қолданылатын функциялар

51 %

пайдаланушы кем дегенде бір қолжетімділік баптауын қолданады

36 %

күңгірт тақырыпты қосады

6 %

экранды дыбыстау баптауын қосады тек iOS

11 %

қаріп өлшемін өзгертеді



Коммерциялық емес ұйымдарды қолдау

Коммерциялық емес ұйымдар қоғамда маңызды рөл ойнайды — олар қиын жағдайға тап болған адамдарға қолдау көрсетеді, инклюзивті қалалық және цифрлық ортаны дамытады, білім беру жобаларымен айналысады, алуан түрлі әлеуметтік және экономикалық мәселелер туралы хабардарлықты арттырады және мәдени бастамаларды қолдайды.

Біз коммерциялық емес сектормен серіктестікті дамытуда үлкен потенциал көреміз: біздің сервистеріміздің инфрақұрылымы мен технологияларын пайдалана отырып қайырымдылық ұйымдары тұрақты әрі жүйелі қолдау ала алады, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік мәселелерді тиімдірек шешуге мүмкіндік береді.

2023 жылдың көктемінде Яндекс Go **тұрақты әлеуметтік бағдарламаны** іске қосты. Сервис қайырымдылық ұйымдарының қамқорлығындағы адамдар және оларға көмектесетін бейінді мамандар үшін **тегін такси сапарларын** ұйымдастырып тұрады. Бұл ем-шараға, сауықтыруға немесе сабаққа жайлы жетуге, жолға кететін уақытты үнемдеуге және қажетті көмекті тезірек алуға мүмкіндік береді. Қайырымдылық сапарлары «Эконом» және «Комфорт» тарифтерінде қолжетімді. Тапсырыстарды рейтингі жоғары жүргізушілер орындайды, біз мұндай сапарлар үшін толықтай өзіміз төлейміз. Сондай-ақ жүргізушілерге біз денсаулық ерекшеліктері бар жолаушылар үшін жайлы сапарды қамтамасыз етуді үйрететін материалдарды береміз.

Такси сапарларымен қоса, қайырымдылық ұйымдары Яндекс Go-дағы Жеткізу сервисі арқылы **курьерлік және жүк жеткізу қызметтерін тегін пайдалана алады**. Бұл қала ішінде құжаттарды, медициналық бұйымдарды және шұғыл жеткізу қажет қайырымдылық жүктерді жөнелту үшін ыңғайлы.

Коммерциялық емес ұйымдарды қолдау

Бүгінгі таңда біздің әлеуметтік бағдарламамызға 7 қайырымдылық ұйымы қосылған: «Милосердие» ерікті қоғамы, «Кең Жүрек», «Күн бала», «Мүгедек балалардың ата-аналар қауымдастығы» («МБАҚ»), «Өмірге сен», «Тепло» және Green Tal әлеуметтік кәсіпорны. Біз қызметтесіп істейтін барлық коммерциялық емес ұйымдар **міндетті верификациядан және тұрақты қайталама тексерістен** өтеді. Іріктеу барысында барлық қажетті заңнама талаптарының және ақпараттық ашықтық қағидасының орындалуы, жалпыға қолжетімді жылдық есептіліктің болуы, ашық фандрайзингтік құралдардың пайдаланылуы және басқа талаптарға сәйкестік тексеріледі.

Пайдаланушылар қайырымдылық қызметке қатыса алуы үшін, Yandex Qazaqstan жыл сайын **«Жомарт қараша»** акциясын өткізеді. Қатысу үшін Яндекс Go-да таксимен сапар жасау жеткілікті — жолдың әрбір 10 километрі үшін біз өз қаражатымыздан акция пайдасына 1 теңге жібереміз және қорытынды соманы екі есе арттырамыз. Жоба өткізілген екі жылда қайырымдылық көлемі 11 миллион теңгеден асты¹ — бұл сома «Милосердие» ерікті қоғамы, «Кең Жүрек», «Күн бала» және «Қазақстанның SOS балалар ауылдары» (2022 жылы) және «МБАҚ», «Тепло», «Өмірге сен», «Бәріміз бірге қатерлі ісікке қарсы» (2023 жылы) қайырымдылық ұйымдарының арасында үлестірілді.

Сондай-ақ біз 2021 жылдан бастап жоғалған адамдарды іздеумен айналысатын **LIDER.KZ** еріктілер қозғалысымен қызметтесе бастадық. еріктілерге көмектескісі келетін жүргізушілер мен курьерлер Яндекс Про қолданбасы арқылы жоғалған адамның фотосуретін, оның ерекше белгілерін, жоғалған күні мен орны туралы ақпаратты, сондай-ақ іздеу жасағымен байланысатын нөмірлерді алады. Олардың қатысуы іздеуді нәтижелі етуге көмектеседі, себебі такси жүргізушілері күні бойы қала ішінде жүреді, ал курьерлер жүргізушілер бармайтын жерлерге, мысалы, жолаушылар аймағына, аулаларға және үйлердің кіреберістеріне барады.

20 қалада

қайырымдылық ұйымдарының қамқорлығындағы адамдар мен мамандар үшін тегін такси сапарлары қолжетімді (Яндекс Go сервисі істейтін барлық қалаларда)

>12,3 мың

тегін такси сапарын **460-тан аса** бірегей пайдаланушы жасады

>1,2 мың

тегін жеткізуді Яндекс Жеткізу сервисі қайырымдылық ұйымдары үшін орындады

2023 жылдың басынан бастап 2024 жылдың маусым айының соңына дейін



Төтенше жағдайлардағы көмек

Көмекке мұқтаж адамдарды қолдау біздің әлеуметтік бағдарламаларымыздың маңызды бөлігі болып табылады.


2024 жылдың көктемінде болған сел кезінде Yandex Qazaqstan жергілікті халыққа қолдау көрсетті. Мәселен, Яндекс Go Қостанай облысындағы Қостанай және Тобыл елді мекендерінің тұрғындарын уақытша жайғастыру орындарына эвакуациялауға көмектесті. Қауіпті аймақтан шыққан адамдар үшін такси сапарының құны қашықтыққа қарамастан 10 теңгені құрады, ал жүргізушілер тапсырыс үшін толық төлемді алып отырды. Эвакуация аймағы мен орындар тізімі сел салдарларын жою бойынша құзыретті қызметтермен бірге анықталған болатын.

Сондай-ақ Қазақстан тұрғындарына Яндекс Go-дың Жеткізу сервисі арқылы селден зардап шеккендер үшін заттарды ресми гуманитарлық көмек жинау орындарына небәрі 10 теңгеге жіберу мүмкіндігі берілді. «Қызыл аймақта» сервис серіктестері жиналған көмекті зардап шеккендерді уақытша жайғастыру орындарына жеткізіп отырды.

Яндекс Карталарға гуманитарлық көмек жинау орындары, сондай-ақ Батыс Қазақстан, Қостанай және Атырау облыстарындағы уақытша жайғастыру орындары қосылған болатын. Сондай-ақ сервис селге байланысты уақытша жабылған жолдар туралы ақпаратты шұғыл жаңартып отырды.

Төтенше жағдай туралы хабарландырулар және маңызды ақпарат пен аймақтар бойынша жедел желілердің контактілері Іздеудің басты бетінде және Яндекс, Яндекс Карталар, Яндекс Браузер және Яндекс Go қолданбаларында қолжетімді болды.

¹ 2022 жылы 5,3 млн теңге және 2023 жылы 6 млн теңге.



Адамдар мен бизнес ортаны дамыту

Сервистердің серіктестері	29
Жүргізушілер мен курьерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және олардың қауіпсіздігі	29
Бизнес-серіктестерге арналған мүмкіндіктер	32
IT білім беруді дамыту	35
Оқушылар үшін	35
Студенттер, түлектер және жоғары оқу орындары үшін	36
IT саласындағы әйелдер	37
Қызметкерлерге деген қамқорлық	38

Сервистердің серіктестері



Бізге жекелеген адамдар да, бизнестер де серіктес бола алады, сондықтан біз үшін олардың әрқайсысымен жайлы, қауіпсіз әрі тиімді қызметтестікті қамтамасыз ету маңызды.

Серіктестермен бірлескен жұмыста біз сенімділік, икемділік және әділеттілік қағидаларын ұстанамыз: сервистеріміздің сапасын бақылаймыз және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеміз, ережелеріміз бен коммуникацияның түсінікті және ашық екеніне көз жеткізіп отырамыз, кері байланысқа құлақ асамыз, сондай-ақ серіктестер үшін қолдау бағдарламаларын әзірлейміз.



Жүргізушілер мен курьерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және олардың қауіпсіздігі

Yandex Qazaqstan-мен мыңдаған жүргізушілер мен курьерлер қызметтеседі. Соның арқасында пайдаланушылар қала ішінде ыңғайлы қатынай алады, тағам мен азық-түлікті жеткізуге тапсырыс бере алады, заттар мен тауарларды жібере алады. Ал серіктестер өз кезегінде қызметтестіктің ыңғайлы форматын таңдап (такси сапарларын орындауға немесе Еда не Жеткізу тапсырыстарын жеткізуге болады), жеке графикті өз бетінше анықтау арқылы табыс таба алады¹.

>400 млрд ₸

Яндекс Таксимен серіктестіктің арқасында жүргізушілер мен таксопарктер тапқан табыс²
2023 жылы

Сервистермен жұмыс істеу ыңғайлы болуы үшін біз Яндекс Про платформасын жетілдіріп отырамыз. Оның көмегімен серіктестер бізбен қызметтестікті тез арада бастап, тапсырыстарды орындауға қосыла алады, табысы мен рейтингісін қадағалай алады және қолдау қызметіне хабарласа алады. **Платформаның білім базасында** Яндекс Про-ны қалай пайдалануға болатыны, сапарлар кезінде қандай қауіпсіздік шараларының қолданылатыны, тапсырыстардың қалай үлестірілетіні және табыстың қалай құралатыны, әртүрлі тарифтерде қандай сапа стандарттарының қолданылатыны және тағы басқасы туралы пайдалы нұсқаулар мен мәліметтерді табуға болады.

Біздің жұмысымыздың маңызды бағыты — Яндекс Про платформасын құлағы естімейтін және нашар еститін жүргізушілер үшін бейімдеу. Бұл туралы толығырақ **«Инклюзия»** бөлімінде айтылған.


¹ Демалыс және көлік құралын басқару уақытына қатысты нормалардың сақталуын есепке алғанда.

² Сервис комиссиясын шегергеннен кейінгі және сервис тарапынан серіктестерге төленетін төлемдерді (бонустар мен басқа да төлемдерді) есепке алғандағы жиынтық GMV көлемі.

Платформалық жұмыспен қамтуды дамыту

Біз өзіндік қолдау көрсету бағдарламаларын әзірлеп қана қоймай, серіктестеріміздің әлеуметтік қорғалуын арттыруға бағытталған мемлекеттік бастамаларға да үлес қосамыз. Мәселен, 2023 жылдың көктемінен бастап Яндекс Такси Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Мемлекеттік табыстар комитеті іске қосқан, такси жүргізушілерін платформалық жұмыспен қамтуды ендіру бойынша пилоттық жобаға қатысып келеді.

Жоба шеңберінде жүргізушілер Яндекс Таксиге **тікелей серіктестер** ретінде қосылып, мемлекеттен кепілдік және біздің сервисімізден қосымша артықшылықтар ала алады. Мұндай қызметтестік форматында таксопарк комиссиясы алынбайды — жүргізушілер тек сервис комиссиясын төлейді. Бізбен тікелей қызметтес болу үшін, жүргізушіге e-Salyq Business қолданбасында «Арнайы мобильді қолданбаны пайдаланатын арнайы салық режимі» опциясын таңдау арқылы жеке кәсіпкерлікті тіркеу қажет³.



³ Тіркелу процесі туралы толығырақ **сайттан** білуге болады.



Жеке кәсіпкер жүргізушілер үшін мемлекеттік артықшылықтар¹

Арнаулы салық режимі



Жеке кәсіпкер жүргізушілер арнаулы салық режимін пайдалану арқылы 1% жеке табыс салығын және табыстан 3% әлеуметтік төлемдер төлейді. Тікелей серіктестер таксо-паркке комиссия төлемейтіндіктен, мұндай қызметтестік жеке кәсіпкерліксіз тапсырыс орындауға қарағанда тиімдірек.

Медициналық сақтандыру



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкер жүргізушілер үшін мемлекет тарапынан кепілдік берілетін тегін медициналық көмек шеңберіндегімен салыстырғандп медициналық қызметтердің едәуір кең ауқымы қолжетімді.

Әлеуметтік төлемдер



Жарналарды уақытылы төлеп отырса, еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жағдайда жеке кәсіпкер жүргізушілер төлемдерді және әлеуметтік тәуекелдерді қамтитын басқа да қажетті кепілдіктерді алады.

Ресми табыс



Жеке кәсіпкер жүргізушілерде, егер салықтар мен аударымдар төленіп тұрса, тапсырыстардан түскен табыс ресми табыс болып табылады және оны несие, ипотека, жәрдемақы ресімдеу және басқа да құжаттарды алу кезінде растауға болады. Тапсырыстарды онлайн-кассасыз орындауға болады — бүкіл табыс e-Salyq Business қолданбасында есепке алынады.



¹ Артықшылықтарды сақтап қалу үшін жеке кәсіпкер жүргізушілер жеке кәсіпкерлер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тиісті жарналар мен аударымдарды тұрақты және уақытылы түрде төлеп тұруы тиіс.

² Парктің жеке кәсіпкер жүргізушілері болып табылатын серіктестерге қолданылмайды.

³ «Шаруалар бойынша» режимінде тапсырыстарды белгілі бір бағыт бойынша алып отыруға болады — жүйе тапсырыстарды жүргізуші қажетті мекенжайға мейлінше тез келетіндей етіп таңдайды. Бұл режим жүргізушіге тапсырыстарды орындауды үзбестен қаланың нақты бір ауданына бару қажет болғанда ыңғайлы.

Яндекс Такси ұсынатын артықшылықтар

>12,2 мың

Яндекс Таксидің серіктес жүргізушілері платформалық жұмыспен қамту бойынша пилоттық жобаға қатысады
2024 жылдың маусым айы бойынша деректер

Таксопарк комиссиясы болмайды²



Жеке кәсіпкер жүргізушілер тек сервис комиссиясын ғана төлейді.

Консультанттар көмегі



Біздің серіктес компаниялардың консультанттары жеке кәсіпкер жүргізушілерге жабатын құжаттарды ресімдеуге көмектеседі.

Артықшылықтар бағдарламасының қосымша ұпайлары



Артықшылықтар бағдарламасы бойынша тікелей серіктестіктің алғашқы үш айында жеке кәсіпкер жүргізушінің аккаунтында әр сапар үшін +10 ұпай есептеледі.

Комиссиясыз тапсырыстарға промокод



Жүргізуші тікелей серіктес аккаунтында алғашқы тапсырыстарды орындағаннан кейін, оған 12 сағат бойы сервис комиссиясынсыз тапсырыстарға промокод келеді.

«Шаруалар бойынша» сапарлар көбірек³



Бұл режимде аптасына 14 сапар қолжетімді — жүргізушіге қажетті ауданға бағытас сапарларды күніне екі рет орындауға болады.

Қосымша басымдық ұпайлары



Жеке кәсіпкер жүргізуші ретінде тіркелген сәттен бастап тапсырыстарды үлестіру кезінде +5 басымдық ұпайы есептеледі: басымдық жоғары болған сайын, тапсырыстар да, табыс та көбірек болады.

Қолдау және жеңілдік бағдарламалары

Жүргізушілер үшін төрт деңгейден тұратын **артықшылықтар бағдарламасы** әрекет етеді — «Қола», «Күміс», «Алтын» және «Платина». Белгілі бір тапсырыс санын орындаған соң, серіктестер бірқатар артықшылықтарға қолжетімділік алады. Мысалы, тапсырыстарды үлестірудегі басымдық, сондай-ақ **бағдарлама сайтында** көрсетілген басқа да мүмкіндіктер. Деңгейді алу үшін, сапарларды тұрақты түрде орындап, жоғары рейтингті сақтау қажет.

Ай сайын жүргізушілер **IT-курстардың біріне тегін қолжетімділік алады**: Python бағдарламалау негіздері, деректерді талдауға арналған SQL негіздері немесе Figma-дағы дизайн негіздері. Оқуға өтінімді бір ай ішінде көп сапар жасаған және қолданбада жоғары рейтингі бар жүргізушілер бере алады. Жүргізуші курстан өзі өте алады немесе оны өзінің туысы немесе досына бере алады. Сабақтан Яндекс Практикум платформасында онлайн өтеді, ал курсқа қолжетімділік мәңгілік қалады. Оқу аясында студенттер өз жобаларын жасайды, олар кәсіби портфолио бөлігіне айналады және алдағы уақытта карьералық мүмкіндіктер іздеуге көмектеседі.

Сондай-ақ Яндекс Такси мен Яндекс Оқулық білім беру платформасы **серіктес жүргізушілердің балалары үшін** «Scratch-та ойындарды әзірлеу» және «Жеке блог жасау» бағыттары бойынша **тегін курстарды** іске қосты. Оқыту бағдарламасы 5-9 сынып оқушыларына арналған және Яндекс Оқулық платформасында орыс және қазақ тілдерінде қолжетімді болды. Балалар курста алған білімін бірден тәжірибеде қолданды — олар өз ойынын немесе сайт-блогын жасады. Оқытуды 200 оқушы бітірді.

Біздің тегін білім беру бағдарламаларымыз туралы толығырақ **«IT білім беруді дамыту»** бөлімінде айтылған.



Қауіпсіздік

Біз табыс алу үшін қолжетімді мүмкіндіктерді ұсынып қана қоймай, серіктестеріміздің қауіпсіздігін де ойлаймыз. Яндекс Go сервисінде қауіпті жағдайлардың (ең бірінші кезекте — жол-көлік оқиғаларының) алдын алуға бағытталған шаралар мен технологиялық шешімдер кешені әрекет етеді.

Мәселен, қолданбада да, Яндекс Про сайтында да серіктестер үшін жолда жүру ережелері (ЖЖЕ) туралы бүкіл маңызды ақпарат қолжетімді. Тапсырысты орындау кезінде өмір мен денсаулықты тегін сақтандыру әрекет етеді: жол-көлік оқиғасы жағдайында зардап шегушіге **4 миллион теңгеге дейін** төлем төленуі мүмкін. **Сақтандыру** такси жүргізушілеріне, жүргізуші курьерлерге, жаяу курьерлерге, велосипедпен және самокатпен жүретін курьерлерге, сондай-ақ таксимен сапар кезінде жолаушыларға таралады. Төлемдер бекітілген схемаға сәйкес жасалады.

Сондай-ақ біз Яндекс Жеткізу арқылы жөнелтімдерді жеткізетін курьерлердің жауапкершілігін сақтандырамыз. Егер жеткізу кезінде жөнелтімге немесе жүкке бірдеңе болса немесе жоғалса, пайдаланушының **бекітілген схема** бойынша **3 миллион теңгеге дейін** төлемдерді алуға құқығы бар. Сақтандыру тегін, жүргізуші немесе курьер жіберушіге келген сәттен басталып, жөнелтім пайдаланушыға жеткізілген кезде аяқталады.

Біз сервистеріміздің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жеке деректерді де қорғаймыз. Жүргізушілер мен курьерлердің Яндекс Про-да көрсеткен бүкіл мәліметтері заңға және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес қорғалады. Жүргізушілер мен курьерлердің телефон нөмірлерін қорғау үшін біз олардың шынайы нөмірлерін тек тапсырыстарды орындау кезінде жарамды болатын уақытша нөмірлермен автоматты түрде алмастырамыз.

Біздің сервистердің цифрлық қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етілетіні туралы толығырақ **«Цифрлық орта қауіпсіздігі»** бөлімінде айтылған.

Автокөлікте

Жылдамдық пен жүргізу мәнерін бақылау

Қауіпсіздік ережелерін сақтау — әрбір орындаушының міндеті, ал ережелердің қаншалықты орындалатынын біз қадағалаймыз. Жылдамдықты бақылау технологиясы жүргізушілерге дұрыс жылдамдық режимін сақтауға көмектеседі, ал жүргізуді бақылау жүйесі қауіпті маневрлерді тіркеп, ұқыпсыз жүргізуден сақтандырады.

Бағдарларды тағайындау


Навигация алгоритмдері бағдардың әлеуетті қаупін бағалап, сапардың ұзақтығы, қозғалыс қарқындығы туралы деректерді, сондай-ақ Яндекс Навигатор пайдаланушыларының бағдар бойындағы апаттар туралы хабарламалар тарихын ескеріп отырады.

Әлеуетті қаупі бар сценарийлердің мониторингі

Егер тапсырыс кезінде бірдеңе жоспардан тыс жүріп жатса — мысалы, бағдардан елеулі түрде ауытқып кетсе, ұзақ уақыт бойы тоқтап тұрса немесе сапар Б нүктесінен алыста аяқталса, қолдау қызметі жүргізушіге және оның жолаушысына хабарласып, себебін сұрайды.

Оқиғалардың белсенді детекциясы

Яндекс Про қолданбасы орнатылған смартфонның датчиктерінен түсетін ақпарат кенеттен туындаған шұғыл тежелісті анықтауға мүмкіндік береді — мұндай жағдай жол-көлік оқиғасы кезінде орын алуы мүмкін. Егер біз мұндай сигналды анықтасақ, жүргізушіге қоңырау шалып, бәрі дұрыс екенін растауды өтінеміз.



Автокөлікте

Желідегі уақытты бақылау

Жүргізуші тапсырыстарды шаршаңқы күйде орындамауы үшін, қолданба қашан үзіліс жасау керектігін және тапсырыстарға қашан қайта оралуға болатынын хабарлайды. Демалу кезінде қолданба арқылы тапсырыстарға қолжетімділік шектеледі.

«Жанжал» батырмасы

Жүргізуші салондағы жағдайдың аудиожазбасын жасау үшін қолданбадағы «Жанжал» батырмасын баса алады. Бұл батырманың даулы жағдайларда көмегі тиюі мүмкін. Оны қолдау қызметіне жіберуге болады, содан кейін қызмет маманы жүргізушіге чат арқылы хабарласады. Сондай-ақ «Жанжал» батырмасы арқылы жазуды бастаған соң, төтенше қызметтерді шақыруға арналған «112: өмірге қауіп» батырмасы пайда болады.

Сапар төлемін бақылау

Біз жүргізушілерге қолма-қолсыз төлем әдісі таңдалған, бірақ төленбеген тапсырыстарды өтеп береміз. Егер жолаушы қолма-қол төленетін тапсырысты төлемесе, келесі сапарды тек қолма-қолсыз әдіспен төлеуге болады, ал жаңа сапар құны тапсырысқа автокөлік тағайындалған соң бірден алынады.

Сапар қорытындылары бойынша бағалау

Жолаушылар сияқты жүргізушілер де сапарлар үшін баға қоя алады. Бұл бағалардың негізінде өзара рейтинг құрылады. Ол даулы немесе жанжалды жағдайларды қарастырғанда ескеріледі.



Жаяу, велосипедпен немесе самокатпен

Арнайы жабдық

Біз курьерлерді жарық шағылыстыратын элементтері бар арнайы сөмкелермен жабдықтаймыз. Мұндай сөмкелер курьерді қараңғы кезде оңай байқауға мүмкіндік береді, ал бұл қауіпсіздік үшін маңызды.

Оңтайлы бағдарлар

Арнайы алгоритмдер оңтайлы жолдарды құрады: курьер бағдары қысқа және оңай болған сайын, жеткізу де қауіпсіз болады.

Самокаттарға арнайы тарифтер

Тапсырыстарды орындау кезінде курьерлер үшін арнайы шарттармен Яндекс Go самокаттарын жалға алу мүмкіндігі қолжетімді. Жылдамдықты бақылау, тұрақты техникалық қызмет көрсету және басқа сипаттамалардың арқасында бұл көлік түрі жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 2023 жылы біз қауіпсіздік практикалары мен курьерлердің ұсыныстарын ескере отырып, өзіміз әзірлеген электровелосипедті ұсынған болатынбыз.

Ыңғайлы слоттар¹

Қауіпсіздік курьердің слотқа қаншалықты шаршамай шыққандығына да байланысты. Ол тапсырыстарды орындау үшін ыңғайлы уақыт пен қала ауданын өз бетінше таңдайды, ал біз ауысымдағы ұсынылатын бір күндік жүктемеден асып кеткен жағдайда Яндекс Про қолданбасында еске салғыштар жібереміз.

Көлемді тапсырыстар мен кеш слоттар үшін такси

Егер тапсырыс көлемді болса және термосөмкеге сыймайтын болса, курьер қолдау қызметіне хабарласып, такси шақыра алады. Курьер слотта ұзақ жүріп, қоғамдық көлік тоқтап қалған болса, біз таксимен сапар құнын толық немесе ішінара жабатын промокодтар береміз.

Жүргізушілер мен курьерлерге арналған қауіпсіздік шаралары туралы толық ақпарат Яндекс Про-ның **білім базасында** берілген.

¹ Слот — серіктестің тапсырыстарды орындайтын уақыт аралығы.

Бизнес-серіктестерге арналған мүмкіндіктер

Біздің сервистерімізді пайдалана отырып, ірі өндірушілер мен сауда желілерінен бастап кішігірім мейрамханалар мен дүкендерге дейінгі алуан түрлі ауқымдағы бизнес нысандары клиенттік базаны кеңейту, сатылымды арттыру, бизнес-процестерді оңтайландыру және операциялық қызмет шығындарын азайту мүмкіндігіне ие болады. Біз кәсіпкерлерге өнімдер мен қызметтерді үлкен аудиторияға ұсынуға арналған платформа мен құралдарды қамтамасыз ету арқылы шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөлеміз.

~2,5 мың

кіші және орта бизнес өкілі Яндекс Qazaqstan жарнамалық сервистерін қолдануда

2024 жылдың маусым айындағы деректер





Жарнамалық сервистер

Яндекстің жарнамалық өнімдері бизнеске мақсатты аудиториямен байланыс орнатуға және ыңғайлы жарнамалық талдау құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жарнама берушілер Директте нейрожелілердің көмегімен дайын хабарландырулар жасай алады: тіл моделі компания парақшасындағы ақпаратқа сүйене отырып тартымды хабарландыру тақырыбы мен мәтінін жазып береді, ал YandexART нейрожелісі сәйкес келетін кескінді салып береді.

Нейрожелі ұсынған мәтіндерді қолмен түзетуге немесе қажетті нұсқаны таңдау үшін жаңа нұсқаларды әрі қарай жасауға болады. Мұндай функциялар **әсіресе шағын бизнес өкілдері үшін пайдалы**, себебі тартымды мәтіндер жасауға көмектеседі және фототүсірілімге кететін уақыт мен шығындарды үнемдейді.

Жарнамалық контенттің сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты көзқарасымыз туралы толығырақ **«Цифрлық орта қауіпсіздігі»** бөлімінде сипатталған.



Yandex Cloud

Yandex Cloud бұлттық платформасы бизнеске цифрлық өнімдерді жасауға және жетілдіруге, деректерді өңдеуге, талдауға және сақтауға, сондай-ақ Яндекстің машиналық оқыту және жасанды интеллектке негізделген бірегей технологияларын ендіруге мүмкіндік береді. Осылайша компаниялар Yandex Cloud арқылы **YandexGPT API** сервисіне қолжетімділікті ала алады. Бұл сервис бизнес-қолданбалар мен веб-сервистерде генеративті нейрожелілерді пайдалануға мүмкіндік береді. Тағы бір мысал — **Yandex SpeechKit** сөзді тану және синтездеу сервисі. Бұл сервис қазақ тілінде жұмыс істейді және колл-орталықтар үшін дауыстық көмекшілер мен роботтарды жасауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Yandex Cloud 30-дан аса платформалық және инфрақұрылымдық сервисті ұсынады. Бұл құралдар бизнес көлеміне, бюджетіне және даму кезеңіне қарамастан әртүрлі сценарийлерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Платформа алуан түрлі саладағы компаниялар арасында кеңінен таралған. Мысалы, Yandex Cloud-ты бөлшек сауда және e-commerce, телеком, қаржы және сақтандыру, бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және басқа бизнес салаларының өкілдері пайдаланады. Yandex Cloud-тың серверлік инфрақұрылымы Қарағанды қаласындағы деректер орталығында, ал кеңселер Астана және Алматы қалаларында орналасқан. Мұнда техникалық мамандар мен сарапшылар командасы жұмыс істейді.

Сондай-ақ біз әзірлеген **Yandex Cloud Boost** бағдарламасы шеңберінде **IT стартаптарды қолдаймыз және акселераторлармен, бизнес-инкубаторлармен және технопарктермен қызметтесеміз**. Бағдарлама деңгейіне байланысты стартаптар Yandex Cloud сервистеріне қолжетімділікті ала алады¹.

¹ Бағдарламаның шарттары туралы толығырақ **сайттан** біле аласыз.

Yandex Cloud қауіпсіздігі туралы толығырақ **«Цифрлық орта қауіпсіздігі»** бөлімінен, ал бұлттық құралдармен жұмыс істеу бойынша курстар туралы — **«IT білім беруді дамыту»** бөлімінен оқыңыз. Сондай-ақ **«Технологиялар мен инновациялар»** бөлімінде Yandex Cloud-тың бизнес үшін генеративті нейрожелі технологияларына қалай жол ашатыны туралы айтылған.

>80 компания

Yandex Cloud Boost программасы арқылы Yandex Cloud сервистерін қолдана алады


Yandex Cloud Boost бағдарламасы қолданыста болған кезде (2023 жылдың қыркүйек айынан бастап 2024 жылдың маусым айының соңына дейін)





Карталар

Сұлулық салондары мен барбершоптар Яндекс Карталарда **онлайн жазылу функциясын** тегін қоса алады. Бұл клиенттер ағынын арттыруға, әкімшілердің жүктемесін азайтуға және мамандардың жүктемесін ыңғайлы бақылауға мүмкіндік береді: салондар жаңа жазбалар немесе уақыты өзгертілген жазбалар туралы ақпаратты дереу алып отырады және клиенттерге еске салғыштарды жылдам жібере алады. Онлайн жазылу виджетін өз бетінше немесе серіктестердің клиенттерді жазуға арналған сервистері арқылы қосуға болады. Қосылғаннан кейін Карталарда ұйымның карточкасында «Онлайн жазылу» батырмасы пайда болады. Оған қоса, пайдаланушы «Онлайн жазылу» сүзгісін басса, салонды іздеу нәтижелерінен көре алады.



Сондай-ақ Яндекс Карталар **API Яндекс Карталар** деген брендпен бизнеске арналған картографиялық, геолокациялық және навигациялық шешімдер желісін іске қосты. Олар интернет-дүкендер, бөлшек сауда желілері, курьерлік қызметтер, логистикалық компаниялар, сондай-ақ карталарды пайдаланатын, бағдарларды жоспарлайтын және жүк тасымалдауды ұйымдастыратын барлық мекемелер үшін өзекті болып табылады. Аталған желіде Яндекс Карталар және Яндекс Навигатор пайдаланушылық сервистерінің негізін құрайтын үш негізгі өнімдер санаты бар: карталарды сайтқа және қолданбаларды интеграциялауға арналған API, геокодтау және орындарды іздеуге арналған API және бағдарларды есептеуге және навигацияға арналған API. Яндекс Карталардың API шешімдері картаны сату құралына айналдыруға, сайтта немесе қолданбада тапсырыстардың ресімделуін жақсартуға, бағдарларды жоспарлауды оңтайландыруға, клиенттермен жұмысты және жабдыққа қызмет көрсетуді жеңілдетуге, логисттердің жүктемесін азайтуға және жалпы алғанда, **көптеген операциялық процестерді автоматтандыруға** мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде клиенттік сервис сапасына оңтайлы әсер етеді.

>2,5 мың

клиент Яндекс Карталардың API шешімдерін пайдаланады

2024 жылдың маусым айындағы деректер



Яндекс Go

Яндекс Go қолданбасында бизнеске арналған шешімдер бар: олардың көмегімен компаниялар корпоративтік такси қызметтерін пайдалана алады, сондай-ақ Жеткізу сервисі арқылы сатып алушыға тапсырыстарды жылдам әрі тиімді жібере алады. Кішігірім жөнелтімдерді жаяу курьерлер мен автокурьерлер, ал ірі заттарды жүк машиналары жеткізеді. Компания қолданбада өз профилін ашып, тапсырыстарды жасай және бақылай алады, сондай-ақ тікелей мобильді телефоннан жеткізу шығындарын басқара алады. Бұл **әсіресе кішігірім бизнес нысандары**, мысалы, жеткізуді сауда нүктесінде басқаратын гүл сататын дүкендер немесе шоурумдар үшін ыңғайлы.

Өз кезегінде, Яндекс Go-дағы Еда сервисі тағамдарды пайдаланушыларға жеткізу арқылы **кафелер мен мейрамханалардың дамуына** көмектеседі. Біздің платформамен интеграцияның арқасында серіктестер әлеуетті клиенттердің кең базасына қолжетімділікті алады, мекеменің көзге түсуін және танымалдылығын арттырады, сондай-ақ жарнамалық құралдарды пайдалана алады (мысалы, клиенттер үшін акцияларды тегін жасау). Егер мейрамхананың жеке курьерлік қызметі бар болса, сервисті тапсырыстарды тартуға арналған витрина ретінде пайдалануға болады.

25 %-ға

мекеме айналымы Яндекс Еда сервисіне қосылғаннан кейін орташа есеппен осындай шамаға артады

IT білім беруді дамыту



Қолжетімді әрі сапалы IT білім беру адамдарға өзгерістерге бейімделуге, жаңа дағдыларды үйренуге және цифрлық әлемде өз орнын табуға, ал бизнес пен экономикаға — IT кадрларының тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі.

2025 жылға қарай Қазақстан кем дегенде 100 мың білікті IT маманын **дайындауды жоспарлап отыр**. Біз бұл мақсатқа жетуге көмектесу үшін IT мамандықтарды оқытудың жеке бағдарламаларын дамытудамыз. Бұл бағдарламалар Яндекс технологияларына және біздің мамандарымыз жинаған білімге негізделеді. Сондай-ақ біз серіктестік жобаларды қолдаймыз, акселераторлармен, бизнес-инкубаторлармен және технопарктермен қызметтесеміз.

>640 млн ₸

Yandex Qazaqstan білім беру жобаларына инвестициялаған сома
2023–2024 жылдары

Оқушылар үшін

Бағдарламалау мектебі

2017 жылдан бастап біз **Бағдарламалау мектебін** — 8–11 сынып оқушыларына арналған тегін білім беру курстарын дамытудамыз. Құзыретті оқытушылардың жетекшілігімен балалар нысанға бағытталған бағдарламалаудың¹ танымал құралдары мен негіздерін зерттейді, Python тілінің көмегімен болжам жасауды, графиктер құруды және аналитика жасауды үйренеді. Сабақтар қазаннан бастап сәуірге дейінгі аралықта күндізгі форматта аптасына екі рет жергілікті білім беру ұйымдарының базасында өтеді. Бағдарламалау мектебіне алты қалада түсуге болады — Алматы, Астана, Петропавл, Талдықорған, Қостанай және Шымкент.

253

түлек Бағдарламалау мектебін бітірді

>60

оқушы оқуды үздік аяқтады

2024 жылдың маусым айы бойынша деректер

Оқытуды сәтті түрде аяқтаған оқушылар сертификат алады және жекелеген мамандықтарды, мысалы, Django-да әзірлеу, ойындарды әзірлеу немесе машиналық оқытуды тереңірек зерттеу үшін **Яндекс Лицей** тегін онлайн бағдарламасына түсе алады.

Сонымен қатар біз оқушылар үшін **IT-күндер бағдарламасын** іске қостық. Бұл бағдарлама шеңберінде біз балаларды кеңсеге шақырып, Yandex Qazaqstan-ның әртүрлі бағыттарының — әзірлеу мен продакт-менеджменттен бастап HR мен құқықтық қолдау қызметінің сарапшыларымен кездесулерді ұйымдастырамыз. Олар өз кәсіби жолындағы оқиғаларымен бөлісіп, қолжетімді білім беру ресурстары туралы айтып беру арқылы оқушыларды болашақ мансабы үшін IT бағытын таңдауға ынталандырып, шабыттандырады.

¹ Бұл бағдарламау тәсілдемелерінің бірі туралы толығырақ **мына жерден** білуге болады.

Студенттер, түлектер және жоғары оқу орындары үшін

Yandex Cloud арқылы білім мен ғылымға қолдау көрсету

Yandex Qazaqstan мақсаттарының бірі — ғылыми-зерттеу және әлеуметтік маңызды бастамаларға қолдау көрсету. Осылайша, Yandex Cloud сарапшылары Қазақстан-Британ техникалық университетінің студенттерімен, Қазақстан Республикасының Зоология институтының мамандарымен және Snow Leopard Foundation қорымен бірлесе отырып, **нейрожеліні қар барыстарын танып-ажыратуға үйретті**. Ол барысты басқа жануарлардан ажыратып қана қоймай, оны дербес тіршілік иесі ретінде таниды. Ол ғалымдарға қызыл кітапқа енген осы жануарларды жақсылап зерттеп, олардың популяциясын қорғаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуге көмектеседі.

Сондай-ақ, Yandex Qazaqstan және Астана Медицина университеті Yandex Cloud платформасының негізінде медициналық жобаларды іске қосу туралы келісім жасады. Өкпе обырын анықтауға автоматтандарылыған скрининг жүргізу, машиналық оқыту технологияларының көмегімен қызылша ауруын болжау және басқа да қызметтер бойынша жобалар жоспарланды. Барлық әзірленімдер университет базасында ғана емес, елдің емханаларында да сынақтан өтетін болады.

Оған қоса, біз студенттерге, әзірлеушілерге және техникалық мамандарға **бұлттық технологиялар саласында білімін жетілдіруге** көмектесеміз. Мәселен, Yandex Cloud **білім беру бағдарламалары** шеңберінде бұлттық сервистермен жұмыс істеуді 1,5 мың қазақстандық оқып үйренді. Біздің курстарымыз case study қағидасымен құрылған. Ол бизнестің шынайы міндетіне тереңдеп шолуға және оны бұлттық құралдардың көмегімен қадамдап шешуге негізделеді. Жекелеген бағыттар бойынша курстардан (мысалы, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі мамандарға немесе деректер аналитиктеріне арналған) бөлек, Yandex Cloud-та бұлттық сервистер жөніндегі мамандарға — инженерлерге, әзірлеушілерге және т.б. арналған халықаралық стандарттарға негізделген **сертификаттау бағдарламасы** бар. Құзыреттердің расталуы жұмысқа тұру және IT жобаларды іске асыру кезінде бәсекелік артықшылық алуға мүмкіндік береді.

Яндекс Практикум

Яндекс Практикум — цифрлық мамандықты басынан бастап меңгеруге көмектесетін онлайн оқыту сервисі. Платформада 100-ден аса бағдарлама бар: олардың көмегімен жаңа мамандықты оқуға немесе кәсіби саладағы білімді жақсартуға болады.

Практикум сарапшылары оқушыларға үнемі жетекшілік етеді: тәжірибелі тәлімгерлер мен ревьюерлер оқытуды соңына дейін өтуге көмектеседі, ал Мансап орталығының мамандары алғашқы жұмысты іздеген сәттен бастап жұмысқа тұрып, сынақ мерзімінен өткенге дейін қолдау көрсетеді.

Сондай-ақ Яндекс Практикум Еңбек ресурстарын дамыту орталығымен қызметтесіп, Skills Enbek платформасында **тегін білім беру курстарын** орналастырып отырады. Бұл курстар IT саласында мансабын бастағысы келетіндер үшін жарамды.

Біздің жүргізушілерге арналған IT саласындағы тегін білім беру курстарымыз туралы толығырақ **«Жүргізушілер мен курьерлерге әлеуметтік қолдау көрсету және олардың қауіпсіздігі»** бөлімінен оқыңыз.

>1 мың

студент Яндекс Практикумда оқытудан өтуде

2023 жылдың шілде айы – 2024 жылдың маусым айы аралығындағы мерзім бойынша деректер

IT қауымдастықтарды дамыту


Біз кәсіби IT қауымдастықты дамытуға ұмтыламыз және **профильдік іс-шаралар** — митап, хакатон, конференциялар ұйымдастырамыз. Мұндай іс-шараларда саладағы әріптестермен тәжірибе алмасуға, өзекті трендтер туралы білуге және білімді өзекті етуге болады.

Мысалы, **Yandex Cloud** конференциялары мен вебинарларында бұлттық технологиялардың цифрлық өнімдерді іске қосу мен қуаттылықтарды басқарудан бастап бұлттағы деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дейінгі алуан түрлі аспектілеріне терең шолуға болады.

Нейрожелілік технологияларға қызығатындар үшін біз генеративтік сөйлеу технологиялары бойынша **тегін интенсив** өткіздік. Сабақтар Алматы қаласында өтті және олардың құрамына кіретін дәрістер мен практикалық семинарларды Яндекс деректерді талдау мектебінің оқытушылары жүргізді.

2023 жылы біз Алматы қаласында бағдарламалау бойынша **Yandex Cup** халықаралық чемпионатының финалын өткіздік. 16 елдің, соның ішінде Қазақстанның әзірлеушілері алты негізгі бағыт — аналитика, фронтенд, бэкенд, мобильді әзірленім, машиналық оқыту және алгоритмдер бағыты бойынша 38 миллион теңге жүлде қоры үшін сайысқа түсті. Жұлделі орындарды Қазақстанның, Жапонияның, АҚШ-тың, Беларусьтің, Ресейдің, Кипрдың, Германияның, Грузияның, Швейцарияның қатысушылары алды.

Сондай-ақ біз **IT Fest-2023** фестивалін қолдадық. Бұл елдегі ең ірі технологиялар, инновациялар және кәсіпкерлік фестивалі IT саласы мен академиялық ортаның өкілдерін біріктірген болатын. Фестиваль шеңберінде өткізілген хакатонда қатысушылар Алиса дауыстық көмекшісі үшін жаңа дағдыларды әзірледі.



IT саласындағы әйелдер

Бүгінгі таңда цифрлық мамандықтардағы мамандардың арасында әлі де еркектер басым боп келеді: 2018–2022 жылдар аралығында **Қазақстандағы IT мамандарының арасындағы әйелдердің үлесі 30% деңгейінде** сақталып отыр¹. Болашақ мамандық көбінесе мектепте таңдалады, сондықтан дәлдік ғылымдарға деген қызығушылықты балалық шақтан бастап тудыру және оларды зерттеуді ұл балаларға да, қыз балаларға да бірдей қызықты ету маңызды.

Біз **Қазақстандағы Technovation Girls** халықаралық бағдарламасына қаржылық және сарапшылық қолдау көрсетеміз. Аталған бағдарлама цифрлық технологиялар мен кәсіпкерлікке қызығатын 8–18 жас аралығындағы қыз балаларға арналған. Қатысушылар командаларға бірігіп, белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін қолданбалардың прототиптерін әзірлейді. Жұмыс барысында әрбір команданы ментор алып жүреді және қыздар онымен бірге код жазуды, жобаның бизнес жоспарын құруды және аудиторияға IT өнімін таныстыруды үйренеді.

2024 жылғы маусымда бағдарламаға екі мыңнан астам оқушы қосылды. Бұл елде сайыстың аймақтық кезеңін өткізу барысында рекордтық көрсеткіш болды, ал Қазақстан Technovation-ның 63 серіктес елінің ішінде қатысушылар саны бойынша екінші орын алды.

Командалар таныстырған жобалардың қатарында медициналық қалдықтарды оңтайландыру бойынша шешімдер, қазақ тілін зерттеуге арналған қолданбалар, компьютерлік көрудің көмегімен шахталардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жобасы, сондай-ақ Қазақстандағы дүлей апаттар жайлы ескертетін және төтенше жағдайда нұсқау беретін қолданба бар.

¹ «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның 2022 жылғы «Қазақстанның еңбек нарығы: цифрлық шындық жолында» баяндамасының деректері бойынша.

Сайыс қорытындысы бойынша халықаралық **топ-15 командаға Астана қаласының DigiDaisies** командасы кірді. Аталған команда қазан айында Сан-Францискодағы (АҚШ) Technovation Girls Дүниежүзілік саммитінде өтетін сайыс финалында Қазақстанның атынан шығатын болады. 8 жасар команда қатысушылары есту қабілетін жоғалтқан, кохлеарлық имплантация бойынша ота жасалған балалар үшін қолданба прототипін әзірледі. Бұл қолданба сөздің түсінілуін және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Біздің қызметкерлеріміз командалар үшін ментор болып қана қоймай, әлеуметтік жобаларда технологияларды қолдану туралы **онлайн дәрістер тізбегін** өткізді. Онда инклюзивті технологиялық шешімдер, қалалық ортаның қауіпсіздігі, әлеуметтік және экологиялық жобаларда ЖИ технологияларын қолдану туралы айтылды. Дәріс жазбалары ашық түрде қолжетімді жерге салынды. Ондағы материалдар мектеп жасындағы балалар үшін бейімделген әрі қазақ және орыс тілінде жазылған.

2 345

қыз 2024 жылы Technovation Girls Kazakhstan бағдарламасына қатысуға өтінім жіберді

> 90

қызметкеріміз ментор, сарапшы, баяндамашы және қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысты

Әлеуметтік жобалардағы технологиялар: сарапшыларымыздың онлайн дәрістері

Қолданбалар мен IT-шешімдерді мүгедектігі бар адамдар үшін қалай қолжетімді етуге болады

қазақша

орысша

Такси тапсырыстары қалай таратылады және қандай технологиялар сапарды қауіпсіз етеді

қазақша

орысша

Машиналық оқытуды (ЖИ) әлеуметтік және экологиялық жобаларда қалай қолдану керек

қазақша

орысша

Команда ішінде тиімді коммуникацияны қалай құруға болады

қазақша

орысша

Сондай-ақ 2024 жылдың ақпан айында біз **TechnoWomen** коммерциялық емес ұйымымен қызметтестік туралы жарияладық. Аталған ұйым технологиялар саласындағы стартаптар мен ғылыми бастамаларды қолдайды, сондай-ақ қыз балаларға STEM пәндерін оқытуға жағдай жасайды. Біз бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, бизнесті дамыту үшін бұлттық технологияларға қолжетімділік беруді және тәжірибе алмасу сессияларын өткізуді жоспарлап отырмыз.



Қызметкерлерге деген қамқорлық



Yandex Qazaqstan командасында 500-ден аса адам жұмыс істейді. Біз олардың әрқайсысы үшін өз өнерлері мен мықты жақтарын көрсетуге, қызықты идеяларды жүзеге асыруға және жаңа нәрселерді үйренуге, сондай-ақ өзіне және өз денсаулығына қамқорлық танытуға болатын жайлы жұмыс ортасын құруға ұмтыламыз.



Денсаулық және әл-ауқат

Жұмыстың бірінші күнінен бастап қызметкерлерге **жазатайым оқиғалардан сақтандыру** және қызметтердің кең жиынтығын қамтитын **ерікті медициналық сақтандыру** (ЕМС) қолжетімді¹. Әртүрлі бағыттағы дәрігерлердің консультациялары мен зертханалық және аспаптық диагностикадан бөлек, ЕМС бағдарламасына жыл сайынғы чекаптар (медициналық зерттеу), стоматология, шетелдегі сапарлар кезінде жедел жәрдем, көзді лазермен түзету, жүктілікті және босануды жүргізу бағдарламасы, сондай-ақ ауыр сырқаттан кейінгі шипажайлық-курорттық емдеу кіреді. Психологиялық денсаулықты сақтау үшін барлық қызметкерге телемедицина сервисінде психологтың консультациясы қолжетімді. Оған қоса отбасы мүшелері үшін ЕМС-ті жеңілдікті шарттармен ресімдеуге болады: біздің компания полис құнының 80%-ын, ал қызметкер — қалған 20%-ын төлейді. Бала туылғанда біз ата-ананы құттықтап, сыйлыққа балаларға арналған жиынтықты береміз. Ауыр өмірлік жағдай туындаса, мысалы, жақын туысқаны қайтыс болса, біз қызметкерге **материалдық көмек** көрсетеміз.


Сондай-ақ біз **тамақтану шығындарын өтейміз** — Яндекс Еда қолданбасында күн сайын 4,4 мың теңге аударылады. Лимитті кеңсе жанындағы кафелерде, кеңсе вендоматтарында және тамаққа тапсырысты кеңсе мекенжайына ресімдегенде жұмсауға болады.

Физикалық белсенділік — жақсы көңіл-күйдің маңызды құрамдас бөлігі, сондықтан біз қызметкерлеріміздің спорттық жарыстарға қатысқанын қолдаймыз, қатысу үшін сөрелік жарналарды өтейміз және фирмалық спорттық киімді береміз. Сондай-ақ фитнес-орталықтарда, бассейнде-рде, йога студияларында және басқа спорт клубтарында корпоративтік жеңілдіктерді қолдануға болады.

¹ Жеңілдіктер лауазымы, жұмыс форматы немесе басқа критерийлер сияқты бірқатар факторларға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Жайлы жұмыс ортасы

2024 жылы біз **Алматы қаласында жаңа кеңсе** аштық және Қазақстанның табиғи көрікті жері — Үлкен Алматы Көлінен шабыт алып, кеңсеге «Үлкен Алматы Кеңсесі» немесе УАК деген атау бердік. Жаңа кеңістік Yandex Qazaqstan сервисінің бұрын бірнеше коворкингке бөлініп кеткен командаларын біріктірді. Ыңғайлы әрі кең жұмыс аймақтарынан бөлек, жұмыстан демалуға болатын көп бөлмелер қарастырылған — мысалы, үстел теннисін немесе бильярд ойнауға, массаж кабинетіне немесе қажет нәрсенің бәрі (тренажёрлар, спорт жабдығы, душ бөлмелері, киім мен заттарға арналған шкафтар) бар спорт залына баруға болады.



Жасыл кеңсе

Біздің кеңседе қалдықтарды бөлек жинау ендірілген: біз қағаз, пластик, шыны және батареяларды жинап, қайта өңдеуге өткіземіз. Қалдықтар бізге тұрақты түрде есеп беріп отыратын сенімді серіктестерге тапсырылады.

Сондай-ақ біз қызметкерлер үшін білім беру мастер-кластарын және қажетсіз заттармен алмасуға болатын своптар өткіземіз. Оған қоса біз кеңседен тыс ағаш отырғызу шарасын ұйымдастырып тұрамыз. Мәселен, 2024 жылдың көктемінде біздің команда отырғызған 51 ағаш жақсы тамыр тартты. Оларға күтімді біздің серіктесіміз — алаңқайдың иесі жасайтын болады.

1,3 тонна

кеңсе қалдықтары қайта өңдеуге жіберілді

2024 жылдың қаңтар-маусым айы аралығындағы кезең бойынша



923 кг

картон мен қағаз



424 кг

пластик

Тұрғын үй алу бойынша көмек

Қызметкерлерге жеке жылжымайтын мүлікті алуға немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға көмектесу үшін біз тұрғын үйді сатып алуға қысқа мерзімді **жеңілдікті қарыздар береміз**. Оның шарттары басқа несиелік құралдарға қарағанда едәуір тиімдірек — үш жыл мерзімге 0% жылдық пайызбен. Қызметкерлер бағдарламаға белгілі бір шарттарды, соның ішінде компаниядағы жұмыс өтілі (бір жылдан кем емес), ревью нәтижесінде жақсы баға алу және басқа да бірқатар талаптарды орындаған жағдайда қатыса алады.



Оқу және даму

Үздіксіз оқу бізге бәсекеге қабілетті өнімдерді жасауға, ал біздің қызметкерлерге — үнемі өзгеріп тұратын IT саласында сұранысқа ие мамандар болып қалуға мүмкіндік береді. Біз кәсіби даму үшін түрлі мүмкіндіктерді — білім беру бағдарламалары мен тренингтерді, профильдік іс-шаралар мен конференцияларды, мансап жолын өзгерту және жаңа бағыттарды көру мүмкіндігін ұсынамыз.

Біздің Квант деп аталатын **жеке білім беру платформамызда** алуан түрлі тақырып бойынша 1800-ден астам курстар мен материалдар қолжетімді. Олардың қатарында өзіміз әзірлеген (соның ішінде қызметкерлердің өздері жасаған) тренингтер және сыртқы провайдерлердің оқыту бағдарламалары бар. Ішкі сервистермен және процестермен интеграцияның арқасында Кварт қызметкер парақшасына (оның бизнес-юнитіне, рөліне, кәсіби қызығушылықтарына және басқа критерийлерге) сүйене отырып сәйкес контентті ұсынады.

Жаңа жобаға қатысқысы немесе жаңа бизнес бөлімшесіне ауысқысы келетін қызметкерлер үшін **ротация бағдарламасы** қарастырылған. Ол қызметкерлерге өз дағдыларын қызықты салада оңтайлы қолдануға мүмкіндік береді. Бағдарламаға қатысу үшін бірнеше шартты орындау қажет. Олардың бірі — компаниядағы белгілі бір жұмыс өтілі (бір жылдан көп) және бұрынғы қызметін бағалау қорытындылары бойынша жақсы нәтижелер. Барлық ашық жұмыс орындары Яндекстің ішкі мансап порталында жарияланады. Онда ротацияны бастауға және оның күйін қадағалауға, сондай-ақ бос жұмыс орындарына достар мен таныстарды ұсынуға болады.



Іскерлік әдеп

Біз бизнесті адалдық, заңдар мен әдеп нормаларын құрметтеу қағидаларына сүйене отырып құрамыз. Бұл **Іскерлік және корпоративтік әдеп ережелерінде** жазылған және оларды компанияның барлық қызметкері сақтауға міндетті. Контрагенттерден де осыған ұқсас ережелерді сақтауды талап етеміз. Ол туралы **Жабдықтаушылардың іскерлік мінез-құлқы кодексінде** айтылған. Ережелер мен Кодекс қолданыстағы заңнама мен көпшілік мақұлдаған халықаралық құжаттардың нормаларын, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, БҰҰ-ның адам құқықтары тұрғысында Кәсіпкерлік қызметтің жетекші қағидаларын, Халықаралық еңбек ұйымының Конвенциясын және БҰҰ-ның Жаһандық келісімшартының қағидаларын біріктіреді.

Іскерлік мінез-құлық ережелерін оқыту **барлық қызметкер үшін міндетті** болып табылады және жыл сайын өткізіледі. Онлайн-курс шеңберінде даулы жағдайларды шешу және дұрыс шешімдер қабылдауды үйрену ұсынылады. Мысалы, мүдделер қақтығысын және жемқорлық сипатқа ие немесе кемсітушілікке жататын іс-әрекеттерді тану, сондай-ақ оларға сауатты түрде жауап беру.


Іскерлік әдептің бұзылуы жайында **жедел желіге** хабарлауға болады. Ол арқылы пайдаланушылар, серіктестер және клиенттер хабар (соның ішінде анонимді хабар) жібере алады. Адал түрде көмек сұраған немесе ақпарат берген адамдарды қудалауға жол берілмейді.


Барлық хабарлар құпия түрде өңделеді: оларды құрамына әдеп жөніндегі комитет мүшелері кіретін шағымдарды талдау тобы қарайды. Қарау қорытындылары бойынша шаралар қабылдануы мүмкін — ескерту жасаудан бастап тәртіп бұзушыны қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейін.

Баға және сыйақы

Қызметкерлер **қызмет нәтижелерін бағалаудан** (ревью) тұрақты түрде өтеді. Бұл баға орындалған жобалар қорытындысы, әріптестердің пікірлері және жетекшінің кері байланысы бойынша құрылады. Біз түсінікті бағалау схемасын пайдаланамыз және бағаның қызметкердің табысына қалай әсер ететінін ашық түрде айтамыз. Мысалы, сыйлықақы айлық еңбекақының қандай бөлігін құрайды.

Кәсіпқойлық — біздің команданың негізгі сипаттамаларының бірі, сондықтан жұмыс нәтижелерін бағалау және кез келген басқа HR-процестер кезінде біз тек қызметкердің кәсіпқойлық қасиеттеріне сүйенеміз. Жынысы, жасы, ұлты және іскерлік құзыреттер мен дағдыларға жатпайтын басқа да белгілер маңызды емес.





Цифрлық орта қауіпсіздігі

Цифрлық орта қауіпсіздігі	42
---------------------------	----

Ақпараттық қауіпсіздік	42
------------------------	----

Контент сапасы және қауіпсіздігі	42
----------------------------------	----

Цифрлық орта қауіпсіздігі



Ақпараттық қауіпсіздік

Yandex Qazaqstan жеке деректермен заңнама талаптары және қатаң ішкі қағидалар негізінде жұмыс істейді: деректер тек белгілі бір мақсатпен өңделеді, артық деректер сақталмайды, қажетті деректер қажетті уақыттан ұзақ сақталмайды, ал пайдаланушыға өз деректерін басқару құқығы беріледі. Компанияның жеке деректермен жұмыс істеу тәсілдемесі [Құпиялылық саясатында](#) жазылған.

Сервистеріміздің ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйелері халықаралық сертификаттаудан өткен және тәуелсіз сыртқы сарапшылар тарапынан тұрақты түрде тексерістен өтіп тұрады. Мысалы, Яндекс ID бірыңғай авторизация сервисі ISO/IEC 27001 стандарты бойынша [сертификатталған](#).

Сондай-ақ Яндекс ID-де [деректерді басқаруға арналған құрал](#) қарастырылған. Оның көмегімен пайдаланушылар біздің сервистерде жиналған деректерді жүктеп алуды және жоюды сұрай алады (мысалы, Яндекс Еда-да тапсырыстар тарихын жоюға болады). Сұрау келіп түскен соң деректердің көп бөлігі бірден өшіріледі, бірақ, заңнамамен белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ғана өшірілетін деректер де бар.

Yandex Cloud-тың серверлік инфрақұрылымы Қазақстан аумағындағы деректер орталығында орналасқан және «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V заңның барлық талаптарына сай келеді. Yandex Cloud қауіпсіздігіне қатысты тәсілдемеміз туралы толығырақ [сайттан](#) білуге болады.

Пайдаланушылардың деректерімен ұқыпты жұмыс үшін жауапкершілік әрбір қызметкерге бірдей жүктеледі. Барлық қызметкер құпия деректерді қорғау қағидаларын, құпия ақпаратпен жұмыс істеу және фишингке қарсы шараларды үйрететін міндетті оқытудан өтеді. Сондай-ақ бірқатар профильдік курстар (мысалы, белгілі бір рөлдегі мамандар өтетін қауіпсіз әзірлеу бойынша курс) бар.



Контент сапасы және қауіпсіздігі

Цифрлық кеңістікте шын өмірдегі сияқты қауіп-қатерлер кездеседі — жаңылыстыруды немесе зиян келтіруді көздейтін ақпараттан бастап маңызды деректерді ұрлауға дейін. Біз зиянкестерден бір қадам алда жүруге тырысамыз, сол себепті технологияларымызға жосықсыз іс-әрекет сценарийлерін тануды және пайдаланушыларды онлайн-қауіптерден қорғауды үйретеміз.

> 20 млн

Алиса көмекшісі бар Яндекс қолданбасындағы нөмір анықтауыш өңдеген бейтаныс нөмірден жасалған қоңыраулар саны

58 %

жағымсыз деп белгіленген қоңыраулар үлесі, ал 12% — автоматты түрде бұғатталған қоңыраулар үлесі

2024 жылдың қаңтар-маусым айы аралығындағы кезең бойынша деректер



Контент сапасы және қауіпсіздігі

Алаяқтар мен спамға қарсы қорғаныс

Біздің іздеу технологияларымыз пайдаланушы сұрауына барынша релевантты жауаптарды табуға көмектесіп қана қоймай, іздеу нәтижелерінен спамды, сондай-ақ мазмұны сүзгілеу критерийлеріне сәйкес келмейтін (мысалы, өрескел болып табылатын) веб-беттерге сілтемелерді алып тастайды.

Сондай-ақ алгоритмдер пайдаланушыларды күмәнді ақылы қызметтер мен жоқ сервистерді ұсынатын сайттарға өтуден қорғайды. Мысалы, **Яндекс Браузер** күдікті және зиянды сайттарға өту әрекеті туралы ескертеді, жүктеп алынған файлдарда вирустардың бар-жоғын тексереді, құпиясөздер мен банк карталарын ұрланудан қорғайды. Іштей орнатылған нейрожелілердің арқасында сайттардың қауіпсіздігін тексеру нақты уақыт режимінде өтеді және әлі ешкім кіріп көрмеген ең жаңа алаяқтық ресурстарды қадағалауға мүмкіндік береді. Егер сайт шын мәнінде қауіпті болса, Яндекс Браузер пайдаланушыға қауіп-қатер туралы ескертіп, сілтеме бойынша өтпеуге кеңес береді.

Пошта аккаунттары мен пайдаланушылардың жеке деректерінің қауіпсіздігін қорғау үшін **Яндекс 360** «Спамға қарсы қорғаныс» деп аталатын спамды сүзгілеу технологиясын үнемі жетілдіріп отырады. Ол спам-таратылымдарды анықтау үшін 10 мыңдай факторды талдайды және спамның жаңа түрлерін тануды үздіксіз үйреніп отырады. Мұндай таратылымдар сілтеме арқылы өтіп, төлем деректерін немесе алаяқтар пайдақорлық мақсатта пайдалануы мүмкін басқа маңызды ақпаратты көрсету туралы сұрауды қамтитындықтан қауіпті болып табылады.

Алиса көмекшісі бар Яндекс қолданбасында тегін қолжетімді **нөмір анықтаушы** зиянды қоңырауларды да (мысалы, спам немесе алаяқтар), пайдалы қоңырауларды да (жеткізу, медициналық мекеме) алдын ала анықтап, жағымсыз телефон қоңырауларын бұғаттауға мүмкіндік береді. Сервис ашық дереккөздерден және сенімді серіктестерден алынған ұйым нөмірлерінің үнемі жаңартылып тұратын базасымен жұмыс істейді, сондай-ақ пайдаланушылардың пікірлерін ескереді.

Цифрлық ортада балаларды қорғау

Біз балаларға дамуға, оқуға және көңіл көтеруге мүмкіндік беретін қауіпсіз цифрлық кеңістікті құруға ұмтыламыз.

Біздің сервистеріміз арнайы режимдерге қолдау көрсетеді: мысалы, Кинопоисктегі балалар парақшасы балаға қолжетімді болатын фильмдер мен мультфильмдер үшін жас шектеуін баптауға, сондай-ақ қарау уақытының лимиттерін орнатуға мүмкіндік береді. Яндекс Музыкада қауіпсіз іздеу функциясы бар «Балаларға» бөлімі сұрауларға жауап ретінде тек балаларға арналған әндерді, ертегілерді және кітаптарды көрсетеді, ал ересектерге арналған медиатекада балағат сөздері бар контентке шектеу қою функциясы бар.

Іздеу сервисінде «отбасылық режим» іздеу нәтижелерінен 18+ контентті толықтай алып тастайды (тіпті сұрау осындай ресурстарды іздеуге айқын түрде бағытталған болса да).

Ақылды колонкалардағы Алиса онымен бала сөйлескенде балаларға арналған режимді автоматты түрде қоса алады. Ересектер мен балалардың дауысы үшін сүзгілеуді **«Балаларды түсіну»** опциясының көмегімен баптауға болады.




Жарнамалық контент

Біздің компания жарнама саласында бірден үш рөлді атқарады: **жарнама берушілер үшін платформа** ретінде қызмет етеді және бизнеске өзінің жарнамалық құралдарын ұсынады, **Яндекстің жарнамалық желісін** құрайтын серіктестердің сайттарында немесе қолданбаларында жарнама орналастырады, сондай-ақ өзінің сервистері мен өнімдерін жарнамалайтын жарнама беруші болып табылады. Жауапты серіктес ретінде біз жарнама берушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз етеміз, алаяқтықпен күресеміз және пайдаланушыларды қажетсіз жарнамадан қорғаймыз.

Жөнсіз жарнаманың орналастырылуына жол бермеу үшін, барлық хабарландырулар модерациядан өтеді: олардың заңнамаға және **жарнамалық материалдарға қатысты талаптарға** сәйкестігі тексеріледі. Оған қоса кейбір тауарлар мен қызмет түрлерінің жарнамасын орналастыру кезінде арнайы құжаттар (мысалы, лицензиялар немесе сертификаттар) тексеріледі.

Жарнама берушілердің мүдделерін қорғау үшін біз жарнамамен жасалатын барлық іс-әрекетті тексереміз. Мысалы, алгоритмдер басу және көру санын жалған арттыруды, сондай-ақ роботтар мен алаяқтардың өтуін автоматты түрде сүзгілейді, сондықтан мұндай жосықсыз іс-әрекеттер жарнамалық кампанияның бюджеті мен статистикасына әсер етпейді.



Yandex Qazaqstan

